



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!



Мағжан



№7 (544)
15 ақпан,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



ҚАЛАМАҚЫ ТӨЛЕСЕ АЙТЫСҚА КЕЛЕТІН «ЗИЯЛЫЛАР» БАР

Мейірбек Сұлтанхан – дүбірлі долада дес бермейтін, дүйім жұрттың ықыласына бөленген айтыскер ақын. «Сен тұр, мен атайын» деген кіл мықтының арасында кідірмей, табан асты тауып айтар тапқырлығымен көзге түсті. Осы орайда, Сыр елінің мақтанышы, «Айтыстың ақтаңгерімен» әңгіме өрбіткен едік.

– Өмір жолыңыз көпке белгілі болғанымен, кей соқпағы өзіңізге ғана аян. Айнадағы Мейірбекке қандай сұрақ қоясыз, өзіңізге есеп бересіз бе?

– Айналамыз таныған және айнадағы Мейірбектің арасы жер мен көктей. Адам жасы келгенде күнделік, естелік жазуды қолға алады. Есеп беру де есейгенде келетін дағды секілді. Қазір алдағы жылға жоспар құрып, өз-өзіме есеп беремін. Сондай-ақ қалыптасқан қағидам бар. Ағайын-туыстың тізімін жасап, қолым босағанда хал-жағдай сұрасып, хабарласамын. Бұдан бөлек шығармашылық ізденіс, кітап оқу және спортпен шұғылдануға арнайы уақыт бөліп, меже бекітемін. Бұрын мұндайға мән бермейтінмін. Бірақ зымыраған уақыт ішкі ереже мен қағиданың қажет екенін айғақтады.

5-бетте



УАҚЫТТЫҢ ОЗЫП ТАЛАБЫ, ТЕМІРЖОЛ ТОЗЫП БАРАДЫ...



Теміржол төңірегіндегі түйткіл көп. Кем-кетік Кенес дәуірінен қалған тоз-тозы шыққан техника немесе жүрдек пойыздың жадау кейпімен шектелмейді. Ығы-жығы адамның арасында түйілген жүгін түгендеп отырғанда пойыздың кешігуі де зығырланды қайнатады. Билет алудың өзі бас қатыратын мәселеге айналды. ҚТЖ баспасөз қызметінің өкілдері 2023 жылы отандық өнімдегі 94 вагон сатып алынғанын айтқан еді. Ал биыл 62 вагон рейске шығып, 2025 жылдан 2030 жылға дейін Stadler компаниясының 537 вагонын сатып алу жоспарланып, 2030 жылға қарай парктің орташа жасы 13 жылға қысқартатынын мәлімдеді. Бірақ бұл сервис сапасын жақсартып, рельстен шығып, апатты көбейткен жағдайды қаншалықты реттейтіні белгісіз. Мәселеге қатысты депутаттардың да дегбірі қашқан секілді. Күмән көп, сенім аз.

2



КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ:
ҚАНДАЙ КІТАП
ҰСЫНУҒА
БОЛАДЫ?

8

АҚПАНДА ТУҒАН АҚЫНДАР



Қалдыр ақын «шығармашылық – ләззатты азан» дейді. Ақындықтың азабына һәм ғажабына төзіп жүрген жандардың таланты туған топырақ, өскен орта және өзі туған айға да ұқсас келетіндей. Мәселен, психологтардың айтуынша ақпан айында туғандар тік мінезді келеді екен. Кейде көңіл-күйіне байланысты эмоциясы құбылып отырады. Жан-дүниесіне тән кастерлі қасиеттер де бар. Мәселен, қиындықтардан қорқуды білмеу, тез шешім қабылдау, шаш-етектен шығынға батса да, оны өтеген соң қиынжылмай ұмытып кету. Біреулердің арамдығын іштей сезіп тұрса да, білмеген сынай танытады. Олар сұлулықты, тазалықты, өнер, әсем әуен, суреттерді, табиғатты сүйеді, сүйсінеді.

Расымен мұның бәрі ақ-жүректі ақындардың безада болмысына тура келетіндей. Күннің суығында дүние ди-дарын ашса да жылы жыр-ларымен жүректерді жылытқан, ақпан айында туған ақындар ғұмырына шолу жасағанды жөн санадық.

3

Соңғы мәліметке сенсек, утиль алымының базалық мөлшерлемесі 50 АЕК шамасына тұрақтаған. Яғни, 2023 жылы 172 500 тенге болса, биыл 184 600 тенгеге өсті. Бұл соңғы уақытта көп талқыланған кәдеге жарату алымы (утилизация алымы) дауын қайта тұтатуда. Көліктің жай-жапсарынан хабары бар азаматтар аталған саладағы олқылықты бұған дейін де көтеріп, шешу жолын ұсынған болатын. Алым көлемінің жоғары екенін, халықтың әлеуметтік жағдайымен сәйкес келмейтінін айтып жүр.

2024: УТИЛЬ АЛЫМ ӘЛІ ДЕ ҚЫМБАТ

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке мәселені шешуді тапсырып, тіпті кәдеге асыру алымымен айналысатын «Өндірісшілердің кеңейтілген міндеттемелері операторы» (ӨКМ) ЖШС-н тексеруге пәрмен берген еді. Алайда іс әлі оң шешім таппады.

Президенттің оларды тілге тиек етуі тегін емес. Ел арасындағы мекемеге қатысты түрлі пікір мен наразылық қалыптасқан. Мәселенің күрмеулі күйде қалуын да осы серіктестіктен көретіндер көп. Қарсылықтың себебі де жоқ емес. Қарапайым халықты айтпағанда шаруаларға арналған кәдеге жарату алымы мөлшерінің өзі шамадан тыс, әлемдік талапқа сәйкес емес. Дамыған елдерде техниканың көлеміне байланысты мөлшерлеме белгіленетін алым біздің елде жолға қойылмаған.

2-бетте



Басы 1-бетте

Уақыттың озып талабы, ТЕМІРЖОЛ ТОЗЫП БАРАДЫ...



Жолаушылар шағымы көп-ақ. Тіпті тас қараңғыда түнеп, жаурағаннан сырт киіммен ұйықтап, пойыз еденіне мұз қатқанын айтып мұң шаққандар болды. Билет құны қымбат, ал сапа сын көтермейді. Субсидия сарқылмаған сынағайы, сонда бөлінін қаржының есебін кім береді? Әлде жыртық жамауға шама келмей жатқаны ма? Өткен жылы Мәжіліс депутаты «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Елнұр Бейсенбаев жолаушылардың мәселесін көтеріп, Үкімет басшысына сауал жолдаған еді.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы 1997 жылы құрылды. Яғни 26 жыл күткеніміз аздай, енді тағы да 7 жыл күтуіміз керек. Күткен үмітіміз ақталатынына, вагондар паркін жаңарту жұмысы тиімді болатынына сеніміміз аз. 2030 жылы қалған вагондар ескіріп, теміржол құрамы паркінің тозуы 55%-дан да асып кетпейтініне кім кепілді?

Кондиционері істемейтін, терезелері ашылмайтын, қабырғасында таракандар жүретін, қазіргі уақытта тозығы жеткен вагондарға жаз мезгілінде билет сатып алу арман болды. Ал сәті түсіп билет тапқан бақытты жандарды вагон ішіндегі нағыз маскара күтіп тұрады, – деді ол.

Сонымен қатар мәжілісте билет тапшылығы мен шарықтаған бағасы жайлы сөз қозғады.

Билеттер тапшылығымен қатар, бағасының қымбатшылығын көріп отырмыз. Олар әртүрлі мобильді қосымшаларда сатып алу кезінде ерекшеленеді. Тапшы маршруттарға билеттерді сатып алу кезінде тек жоғарғы орындар қол жетімді. Бұл жыл сайынғы теміржол билеттер құнын субсидиялауға қомақты қаражат бөлінуіне қарамастан орын алып отыр. Онымен қоймай, қымбат бағасына сапасыз сай келмейтін пойыздардың жиі кешігуі орын алып жатыр. Соңғы кездері сапардағы азаматтарымыз үшін

пойыздардың 1-2 сағат кешігуі үйреншікті жайт болып қалды. Бұл уақытты жоғалтуға ғана емес, кейде қаржылай шығындарға әкеледі, өйткені трансфермен келе жатқан жолаушылар келесі пойызға кешігіп қалады. Бірақ бұл үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға ешкім асықпайды, – деді Е.Сабыржанұлы.

Тоз-тозы шыққан вагондар жүйкені жүндей түтіп жібергені рас. Діттеген жеріне дінкесі құрып жеткен соң да дау көбейіп отыр. Ал ҚТЖ өкілдері пойыз вагондарының жанаратынын айтып жар салды. Tengritravel.kz редакциясына берген жауабында Ұлттық тасымалдаушының вагон паркінде 2,1 мың бірлік бары айтылған. Оның 1,3 мыңы – стандартты вагондар, 730-ы – Тальго және 100-ден астамы электро-дизельдік пойыздардың вагоны. Олардың орташа жасы – 17 жыл. Парктің орташа тозу деңгейі 44 пайыз. Алдағы уақытта жаңа вагонмен қамтамасыз етілмек. Ұлттық тасымалдаушы жылына орташа есеппен 13,5 миллион жолаушыны тасымалдайды. Қазақстандықтар арасында ең танымал бағыттар: Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент, Астана – Семей және Алматы – Семей.

«Dartmen» қосымшасының дәрмені қандай?

Жапонияда пойыз он минут кешіксе жолаушылар ашуланатын көрінеді. Содан болар 1 минут бөгелгеннің өзінде кешірім сұрайды екен. Ал дерекке сүйенсек, өткен жылы елімізде 11 және 17 тамыз аралығында пойыздың 50 сағат 40 минутқа кешігіп келуінің 86 жағдайы тіркеліпті. Бәлкім, бұған етіміз үйреніп те кеткен шығар. Нақты себепті есепке алмағанда, жолаушының да мазасы қашатыны айтпаса да түсінікті. Осы орайда елімізде пойыз кешігуі жайлы хабар тарататын «Dartmen»

қосымшасы жайында естіп пе едіңіз? Ал бұл 2021 жылы іске қосылған. Қазір қосымшаны 400 мыңнан астам адам қолданып отыр. Ақпаратқа сәйкес, алғаш қосымшаға Астанадағы «Нұрлы жол» вокзалы қосылса, бүгінде 19 вокзалды қамтып отыр.

Бірақ Push-хабарламаның пайдасын көргендер сирек секілді. Әйтпесе уақыт шығыны жайында шағым көбеймес еді ғой. Десек те статистика басқаша сөйлейді.

Біздің қосымша бірнеше бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Соның бірі пойыздардың кешігуі туралы хабарлама жіберу. Мәселен, 2022 жылы «Dartmen» мобильді қосымшасы арқылы 3496 рет хабарлама жіберілсе, 2023 жылы 7152 рет хабарлама жолданған. Өткен жылдың қараша айының соңындағы жағдай бойынша біздің қосымшаны 411 668 адам жүктеп алған, – дейді А. Гимранов.

Сондай-ақ маркетинг бөлімінің қызметкері қаржыландыру болса қосымшаны дамытуға болатынын да айтты.

«Dartmen» мобильді қосымшасын дамыту жұмыстары үздіксіз жүріп жатыр. Пойыздың кешігуі туралы алдын ала хабарлама жіберу жолаушылар үшін өте тиімді. Соған қарап адамдар уақытын текке өлтірмей, басқа істерін бітіріп алады. Әуежайда ұшақтың кешігуіне байланысты хабар жіберу бұрыннан жолға қойылған. Жолаушылар үнемі «пойыздың кешігуінің өз уақытында хабарлап айтпайсыздар немесе мүлдем хабарлама жібермейсіздер» деп көп шағым айтады. Кейбірі хабар жолдайтын «Dartmen» мобильді қосымшасы жайлы біле де бермейді, – дейді ол.

Егер әуежайды мысалға алатын болсақ, пойыздың кемшін тұсы тіпті көбейеді. Мәселен, ұшаққа билетті бір ай бұрын алса, бағасы тиімді. Ал пойызға қай уақытта алсаң да жеңілдік

жок. Тіпті табан асты таусылғанда тауы шағылған жұрттың алыпсатарларға күні түседі.

Дәмеленген делдалдың қолы жүреді мұндайда. Бірақ талай жолаушы билет тапшы болғанымен, бос орындарды көріп бас шайқаған. Әйтеуір теміржолға келгенде толассыз мәселенің тіні тарқап, шағым да шегінен асады. «Жемқорлық жайлаған» жолаушылар тасымалын бір жүйеге келтіріп, құзырлы орындардың іске кірісуі керектігін айтылып-ақ жүр. Бірақ нағымды нәтиже жоқ.

Аймақтағы теміржолдың ахуалы

Қызылорда теміржол вокзалы архитектурасымен айрықша. Әр қаптарында тарихтың таңбасы жатыр. Бүгінде сыртқа және ішкі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3700 шаршы метр аумаққа асфальт төселген. Теміржол желісінің жалпы ұзындығы 1055 шақырымды құрайды. Облыс аумағынан барлығы 16 жұп жолаушы пойызы өтеді, оның ішінде облыс орталығынан Петропавловск, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына 5 жұп жолаушы пойызы ұйымдастырылған. Ал «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» жолаушы пойызы облысымыздың оңтүстік бағытындағы 26 елді мекенді көлік қызметімен қамтиды. Өткен жылы қаңтар-тамыз айларында 14,2 мың жолаушы тасымалданды.

Жаңғырту жұмысына облыс әкімі

Нұрлыбек
Нәлібаев
көңіл бөліп, те-

міржол саласын дамытуға қатысты тапсырмалар берген болатын. Үкімет отырысынан кейін арнайы мәжіліс өткізіп, жиында айтылған мәселелерге толығырақ тоқталды.

Облыс аумағында «Қазақстан Темір Жолы» ҰК акционерлік қоғамына қарасты 8 теміржол вокзалы және 2 қызмет көрсету пункті бар. 6 вокзал ғимараты жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Сексеуіл, Арал теңізі, Қазалы, Жосалы, Қызылорда, Шиелі вокзалдары 1904 жылы салынған. Бүгінде Қызылорда қаласындағы вокзал ғимараттарына және оның іргелес аумағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 577 млн теңгені құрайды. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді, – деді ол.

Өңірдегі вокзалдың өңі де келісті, әрине. Бірақ ескінің сарқыншағы болған кей вагон мен сапасыз сервиске көңілі толмай, әбіржіген жолаушы аз емес. Бәрінің тілегі бір. Құны мен қызметтің сай болуын талап етеді. Сондықтан бір күнде шешімін таппаса да, түйінін тарқатады деп ойлаймыз.

Замира ҚОНЫСЖАН

Басы 1-бетте

2024: УТИЛЬ АЛЫМ ӘЛІ ДЕ ҚЫМБАТ

Мәселен, шаруа шетелден құны 3 млн теңгені құрайтын ауыл шаруашылығы техникасын әкелді делік. ӨКМ операторы ол техника үшін қөдеге жарату алымын екі-үш есеге асырып жібереді. Осылайша құны 3 млн болатын техникаға 12-20 млн теңгеге дейін шығын кетеді. Міне, бұл – ең жайсыз тұстың бірі. Ал белсенділер болса, әлемдік стандартты қаперге алып, жаңа өлшем жасалса дейді.



телден келетінін ұмытпайық. Көлікке қатысты утилизация алымын жойып жіберсең де Еуро-4 стандарты қалады емес пе? Мысалы, Грузиядан әкелінген 2003 жылғы «Toyota Camry» көлігі бәрібір

уақыт утилизация алымымен айналысқан ӨКМ бұл міндетті орындай алды ма? Ел арасында сенім емес, күмән басым. «Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының төрағасы Азаматхан Әміртай да аталған мекеменің жұмыс процесін сынға алып, пікір білдірген еді. Қоғам белсендісінің сөзінше, ӨКМ Операторы 2015 жылдан бері 1 млрд долларға жуық қаражат жинаған көрінеді. Сондай-ақ жыл сайын компания мемлекет қазынасынан 150 млрд-қа тарта қаржы алып отырған.

«Мысалы, автошиналарды алып қарастырайық. Оның бір данасы үшін ӨКМ утилизацияға деп 37 теңге алады. Оны қалай жұмсайды? Шамамен 7 теңге операциялық шығындарға кетсе, 26,5 теңгесі (бүкіл соманың 70 проценті) логистикаға, яғни көліктік шығындарға жұмсалып кетеді. Тек 3,5 теңгесі ғана қайта өңдеуге бағытталады. ӨКМ жұмыс істемей тұрып шинаны жинаумен айналысатын ұйымдар шикізатты зауытқа өздері тасып келді. Алайда ӨКМ бұл шикізатты қөдеге жаратамыз деп өздері жинауды бастаған соң жоғарыдағы ұйымдар осы қызметті тоқтатуға мәжбүр болды. Демек қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға автошиналарды сатып алып, өздеріне тасымалдауға тура келді. Бұл өзіндік құнның жоғарылауына әкелді. 2016-2017 жылдар аралығында өңделген шикізат үшін зауыт бірыңғай оператордан 120 млн теңге көлемінде қаражат күтті. Бірақ бұл ақша зауытқа берілген жоқ. Бұған бір құжат жетіспейді дегендей себеп айтылса керек. Зауыт несиесі ақшасына салынғандықтан 2017 жылы кәсіпорынның шоты бұғатталып, өндіріс тоқтады. Қазір Жоғарғы соттың шешімімен зауыт иелерінен тартып алынып, акционерлері борышкер атанды. Жұмыс орындарын ашып, өңделген қалдықтарды экспортқа шығарып тұрған зауыт осылайша жойылды. Осындай мысалдың өзінен ӨКМ жұмысын бағамдауға болады» – дейді белсенді.

Шешім мен талап

Расында, Президент пәрменінен сон тиісті жұмыс атқарылуда. 2015 жылы Үкімет қолдауымен құрылған ӨКМ Операторының қызметі зерттеліп, тексеру жұмысы басталған. Көп күтпей, Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серікқали Брекешев бүгінге дейін қөдеге жарату алым түрінде жинақталған қаражаттың көлемі 691,9 млрд теңге жеткенін мәлімдеп, қаражаттың қайда кеткенін былайша түсіндірді:

«Отандық автокөлік өндірушілерге 338,9 млрд теңге мөлшерінде қөдеге жарату түріндегі бұрын төлеген қаражаттары қайтарылды. Экологиялық мәселелерді шешуге 102 млрд теңге және салықтарға 49,1 млрд теңге жұмсалды. Бүгінде екінші деңгейдегі банктерде қалған қаражаттың 220,6 млрд теңгесі жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес министрлік бизнестің, қоғамның және мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мына мәселелерді пысықтайды: біріншіден, жеке мемлекеттік операторды немесе өнеркәсіпті дамыту қорының базасында құру. Екіншіден, қөдеге жарату төлемінің коэффициенттерін қайта қарау. Үшіншіден, қөдеге жарату алымы есебінен отандық көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алушыларға ваучерлер беру қарастырылады» – деді министр.

P.S. Аталған мәселе билік назарына ілінгесін біршама жоба жүзеге асатыны айтылды. Соңғы мәліметтерге сәйкес, елде утилизация алымымен айналысатын бірыңғай оператор құрылатыны белгілі болды. Сонымен қатар алым коэффициенттері қайта қаралымын өтетін күн де алыс емес. Мұның барлығы халықтың көлікті болуына жол ашып, ел әлеуетін көтеруге бастамақ.

P.МАКСУТ

Бұл кеше-бүгін көтерілген мәселеге жатпасы анық. Автокөлік иелері жыл сайын олқылықты билік назарына ұсынуға әрекет жасап келді. Мысалы, өткен жылы #НетУтильбору қозғалысы кең өріс алып, утилизациялық алымға қарсылық білдіргендер саны күрт артты. Оған қоса Алматыда белсенділер «Утилизация алымына жол жоқ» деген ұранмен баспасөз-митингін өткізіп, басқосуға шетелдік нөмірі бар қазақстандықтар да қосылған еді. Осылайша жарты айда «Утилизация алымына жол жоқ» қозғалысының талап-ұсынысын қолдап, қол қойғандар саны 150 мыңға жетті.

Наразылық себебі

Сондай-ақ белсенділердің сөзінше, қазір Қазақстанда көлік дефициті байқалып келеді. Көлік сату орталықтарында автокөлік азайып, нарықтағы баға көтерілген. Салдарынан қарапайым халық сапалы көлік сатып алу мүмкіндігінен айырылуда. Олқылыққа қатысты белсенділердің тағатын айыбының бірі – елдегі өнеркәсіптің кенжелеуі.

Әлеуметтік желіде танымал автокөлік нарығының сарапшысы Олжас Оқас та аталған алым туралы пікірін жариялаған еді. Сарапшының сөзінше, Қазақстандағы утилизациялық алым азаматтардың әлеуметтік жағдайын ескере қарастырылу қажет деген пікір айтады.

«Қазақстанда көлік жылдан-жылға қымбаттап бара жатыр. Бұған бірнеше фактор әсер етеді. Утилизациялық алымның сомасы жаңа көлік сатып аларда аса рөл ойнамайды. Біріншіден, біздің нарықтың ауқымы тар. Ұлттық валюта ай сайын құлдырап жатыр. Көлікке қажетті бөлшектер ше-

алғашқы тіркеуден өте алмайды. Ашы болса да шындықты айтуымыз керек, халқымыз «тегің» дүниені жақсы көреді. Мүмкіндік болса, ҚҚС-ты алып тастауды қолдайтындар бар. Тәртіп болмаса, заң қадағаланбаса, түбі артта қалған бір мемлекетке айналамыз. Утилизациялық алым болуы керек, алайда оның сомасы халықтың әл-ауқаты төмендеуіне байланысты қайта қарастырылғаны ләзім» – дейді О.Оқас.


Көліктерді қөдеге жарату төлемінің жүйесі ескіргенін Индустрия және инфрақұрылымдық даму экс-министрі Бейбіт Атамқұлов та мойындаған еді. Ол қөдеге жарату төлемінің параметрлері 2015 жылдан бері қаралмағанын айтып, қайта талқылау керектігін атап өткен болатын. Тіпті министр қалдықтарды жинау, олардың нарығын қорғау және машина жасау мен автомобиль жасауды дамыту үшін қажет екенін жеткізген. Бұл ретте ол басқа елдердің тәжірибесін, Малайзияда автомобиль өнеркәсібін құру үшін 30 жыл қажет болғанын мысалға келтірген еді.

«2015 жылы қөдеге жарату төлемінің нормалары қабылданды. Одан кейін бүгінгі күнге дейін олар шынмен қайта қаралған жоқ. Бүгінде бұл мәселе өте өткір және әлеуметтік желілерде көтеріліп жатыр. Индустрия министрлігі, негізінен, бенефициарлар, түпкілікті алушы болуымыз керек. Бірақ бұл экологиялық төлем және ол басқа министрліктің құзырында» – деді Б.Атамқұлов.

Құмән қайда?

Қөдеге жарату жұмысының негізгі мақсаты экологияға келер зиянды азайту, қайта өңдеу саласын ілгерілету екені белгілі. Алайда ұзақ





Жамбыл жолы

Сонау 1846 жылы 28 ақпанда ұлы ақын, жырау, жырышы, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жамбыл Жабаев дүниеге келді.

Ол Жамбыл облысы Жамбыл тауының етегінде туған. Жасынан өлең-жырға қанып өскен, өз анасы Ұлданның ақындық талантын бойына сіңірген, «Менің пірім – Сүйінбай...» деп Жамбылдың өзі жырға қосқандай, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр жампозынан тәлім-тәрбие алған.

Жамбыл 1919 жылы Жетісу халық ақындары бас қосқан слетке қатысты. 1934 жылы республикалық өнер шеберлерінің тұңғыш слетінде жыр толғап, тағы бір көзге түсті. «Замана ағым», «Белсенділерге», «Қазақстан тойына», «Жастар алдындағы сөз» сияқты арнау, толғаулары осы тұста жырланды. Оның үздік шығармалары 40-тан астам елдің тілдеріне аударылды. Ұлы жырау қазақ халқын, оның поэзиясын бүкіл әлемге жария етті.

1938 жылы Жамбылдың шығармашылық өнерінің 75 жылдығын тойлағанда, оған әлемнің әр түкпірінен құттықтаулар келді. Ромен Роллан, Мартин Андерсен, Нексе, Катарина Сусанна Причард сияқты атақты суреткерлер Жамбыл поэзиясына өте жоғары баға берді. Жамбыл туралы жүздеген өлең-жырлар жазылды. XX ғасырдағы халық ақындарына Жамбылдың әсері өте зор болды. Бұл қатарда К.Әзірбаев, Ү.Кәрібаев, Ә.Сариев, Н.Бекежанов, Д.Әлімбаев, С.Керімбеков, О.Тайманов сияқты белгілі импровизаторлар бар.

1941 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған. I сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды. Жамбылдың есімі Қазақстанның бір облысына, бірнеше аудандарға, бірқатар елді мекендерге, мекемелер мен оқу орындарына, өнер ордаларына, мектептерге, көшелерге берілген.

Тағдырлы талант Зейнолла

Кіндігім бірге Аралмен,
Теңізден тыныс алам мен.
Ақпейіл ана секілді

Алдында жатыр далам кең, – деп жырлаған Зейнолла Шүкіров 1927 жылы ақпан айының он алтысы күні Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген алып ақын. Науқастығына қарамастан өз бетінше білімін көтеріп, руханияттың дамуына үлес қосқан.

Алғашқы жинағы 1955 жылы «Менің достарым» деген атпен жарыққа шыққан. Адамгершілікті, адал махаббат пен шынайы сезімді суреттейтін «Теңіз жырлары», «Арал дәптері», «Сағыныш» атты өлең кітаптары, сондай-ақ Арал балықшыларының ауыр тіршілігін, өмірін бейнелейтін «Тоғысқан тағдырлар», бүгінгі замандастар келбетін ашатын «Сырлы дүние хикаялары», «Ізгілік іздері», «Қиын түйін» повестері мен «Отты өткелдер» атты романы жарық көрді. Өлеңдері мен поэмалары 1977 жылы «Таңдамалы шығармалар» деген атпен жарыққа шыққан.

Жазушы ел аралап, жер шарлап, емін-еркін жүре алмаса да, Сыр бойының тұнған тарихын үйде жатып-ақ зерттеп, зерделеп, жинақтай білді. Көп жылғы еңбегінің нәтижесін «Сыр бойы» атты тарихи ұлы әңгімесінен көреміз. Алайда бұл роман саясаттың құрбаны болып, жазушының тірі кезінде жарық көре алмады. Өз дәуірінде ел азаттығын аңсаған, бодандыққа бой бермеген, тәуелсіздігіміздің шоқтығы биік тұлғасы Жанқожа батыр өмірімен ұштастыра ел тарихын толғаған «Сыр бойы» романы 1998 жылы ғана жарыққа шықты. Зейнолла Шүкіров өмірінің соңына дейін жазушылық қаламын қолынан түсірмей отызға жуық кітап ұсынды.

З.Шүкіров сонымен қатар көркем аудармамен де айналысты. Орыс ақыны Ф.Тютчевтің «Жартас пен теңіз» атты жыр жинағын қазақ тіліне аударды. Әлемге танымал Шекспир

Басы 1-бетте

АҚПАНДА ТУҒАН АҚЫНДАР

мен Гейнені қазақша сөйлетті. З.Шүкіров шығармалары шетел халықтарының тіліне аударылған.

Ақынның «Сыр сұлуы», «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?», «Сәулем-ай», «Көрінбей жүрсін сен неге?» т.б. өлеңдері ел аузында әнге айналып кетті. Поэзиялық әрі прозалық жанрда бірдей қалам тербеген талант еңбегін көзі ашық, рухани дені сау жұртшылық жоғары бағалап, жазушыны «Қазақ Островскийі» деп атады. Белгілі ақын Мұзафар

Әлімбаев З.Шүкіров туралы «Құрыш қазақ» поэмасын жазса, көптеген ақындарымыз Зейноллаға арнау өлеңдерін шығарды. Жазушы 1977 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Зейнолла – ақын. Ақын болғанда да теңізін тағдырынан бөлектемеген, теңіздей тебір-енген, теңіздей толқыған, шалқыған ақын. Ол қандай бір өлең жазса да, тұмсығы тасқа тимей қайтпайтын бекіредей, теңізіне бір сокпай тынбайды, теңіз боп ойланады, теңіз боп армандайды, теңіз боп сағынады.

«Қиын түйін» кітабының беташар сөзінде Шөмішбай Сариев: «Шынында да ақын Зейнолла Шүкіров қазақ поэзиясының ұлы жүректі тұлғасы. Ол – ұлы Тұран ойпатындағы теңіз перзенті. Содан да болар, тұла бойы тұнған сағыныштан жаралған ақын» деген болатын.

З.Шүкіров 1979 жылы 26 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниесі салды.

Муза мен Мұқағали

Мақатаев Мұқағали – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, мәртебесі биік ақиық тұлға.

Бүгін менің туған күнім.

Ой, бәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай, – деп келетін бір ауыз сөзін күллі қазақ елі біледі.

Ол 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалим 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқандан біраз уақыт кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз».

Ақын «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің (1962-1963 жылдары), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») (1963-1965 жылдары), «Жұлдыз» (1965-1972 жылдары) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1972-1973 жылдары) қызмет атқарады. Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткерген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектен білді. «Ильич», «Армысыңдар достар», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің» атты жыр жинақтарын көзінің тірлісінде жариялап үлгерді. Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман аңсары. Осының бәрін Мұқағали жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, Тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүректен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындатып отырған.



Аз ғұмыры ішінде бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандарын ұсынған. Жыр аудармасы саласында Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Күдіретті комедиясын» қазақшалады. Ақынның «Саржайлау», «Сәнбейді, әже, шырағың», «Кел, еркем, Ала-тауына» өлеңдеріне сазгер Н.Тілендиев ән шығарған.

Ол 1976 жылдың 27 наурызында Алматыда дүниеден өткен.

Жауһар жүректі Жүрсін

Жүрсін Ерманов 1951 жылы Қарағанды облысында 12 ақпан күні дүние диларын ашады. Ол – ақын, журналист, қазіргі айтыс өнерінің ұйымдастырушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Еңбек жолын 15 жасында Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде әдеби қызмет-



кер болып бастаған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, Алматы жоғарғы партия мектебін бітірген.

Пенде болсаң – болмайсың шерден кенде,

Шер сарқылар, таусылар жерге енгенде.

Ку дүние шырмамаса шырмауықтай,

Өтер бүкіл ғұмырың сергелденде, – дейді ақын.

Тұңғыш өлеңдер жинағы – «Жанартау» 1983 жылы жарық көрді. 1986 жылы «Арайлы күн, армысың» жыр жинағы үшін Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев атындағы сыйлығына ие болды. «Ұлытауға бардың ба?..», «Күдіретке жүгіну», «Екі тізгін, бір шылбыр», «Құстың көлеңкесі», «Ырғай», «Арнадым сізге», «Көктөбедегі кездесулер», «Алыстан және жақыннан», «Гөй-гөй» атты кітаптардың авторы. Өлеңдері мен поэма, балладалары адам, оның жан дүниесі, рухани құндылықтарын арқау етеді.

Ерманов қазақтың атамұра өнері – ақындар айтысын қайта жаңғырту, оны теледидар мен радиода насихаттау ісінде айтарлықтай жұмыстар атқарды. Ақындарды 1984 жылдан үлкен сахнаға шығарып, халық өнерін, ұлттық рухты көтеруге үлес қосты. Ақындар айтысын жинақтап жариялау, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «Қазіргі айтыстар» жинағын құрастырды.

Алаштың Айбегі

Айбек Тәңірбергенов 1973 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Шияға елді мекенінде 2 ақпан күні дүниеге келген. Жастайынан әкесі Жақсаннан көнеден келе жатқан және әр жыраудың мақамдарын үйреніп өсті. Қазақтың кара домбырасын жастайынан серік етіп келеді. Атақты ақын-жырау Бекұзақ Тәңірбергеновтің туған інісі. Нұртұған, Тұрмағанбет, Базар жырау және тағы да басқа көптеген шайыр-жыраулардың жырларына таңды-таңға ұластырып тоқтамастан жырлайтын жырауларымыздың бірі. Елімізде көпке белгілі атақты «Қира аты» атты дастанының авторы. Көптеген ән-жырлары еліміздің жұлдыздарының орындауында жүр. Ақындар айтысына қатысып талай мәрте жүлдегер атанып, қазақтың айтыс өнерінің дүлдүлі атанған ақын. Көптеген мүшәйраның жұлделі орнына ие болған.

Төл өнердің туын көтеріп жүрген Арал өңірінің тумасы, жерлесіміз Айбек Тәңірбергенов бала кезден жыраулық өнерді бойына сіңіріп өсті. Өкден дарыған текті өнердің шырақшысы болған Айбек ақын алдыңғы буыннан үйренген өнердің қыр-сырын кейінгі ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп жүр.

– Шайырлар жыр жалауын желбіреткен,

Жауһарлы моншақ өлең мөлдiреткен.

Тұрғанда тұма жыры Сыр елінің,

Көңілі тыңдаушының мәңгі көктем, – деп белгілі жырау Айбек Тәңірбергенов сөз толғады.

– Біз екеден туған 14 ағайынды жанбыз. Соның бәрі де өнерден кенде емес. Ал солардың ішінде халықтың көзіне түскен алдымен Бекұзақ болатын. Ағамның жолымен мен де үлкен сахнада танылдым. Ағам Бекұзақ пен ұстазым Сұрағанның ізіне көп ердім. 1988 жылы ең алғаш рет облыста болатын комсомолдар айтысына бардым. Міне, менің өнермен сабақтасқан өмір жолым осылай басталып кетті.

1993 жылы ауылда жүрген кезімде ұстазымыз, марқұм Сұраған Мырзаев өмірден өтті. Сосын ауылдағы балалар өнер мектебінде терме класына сол кісінің орнына мені жұмысқа алды. 1996 жылы барлық жердегі музыка мектебі жабылған кезде ауылдағы мектеп те жабылып қалды. Бірде 1999 жылы Қорқыттың 1300 жылдығына аймақтық жыраулар байқауы болды. Соған Арал ауданы атынан қатысып, II орынды иелендім. Сонда мені облысқа жұмысқа шақырды. 17 жыл облыста халық шығармашылығын дамытуға үлес қостым. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін дәстүрлі өнер – жыр мамандығы бойынша бітірдім. Оқу бітірген соң, аталған университетте сабақ бердім. 2016 жылы туған елге келіп, шәкірт тәрбиелеу ісіне үлес қосып жатқан жайым бар, – дейді Айбек ақын.

Түйін. Ақпанның ақтүтегінде туып ақын болған жандар көп болуы мүмкін. Біз ескермеген таланттар қаншама?! Қызығы менің де туған күнім I ақпан. «Жүрегіне кеп жақындық мұны. Ақпанның бірі – ақындар күні» деп жырлауымын мәнісі осында. Бізге де ұлы жандардың жолы бұйырса, шығармашылықтың берген ең ұлы сый деп білеміз.

– Nauapiх қалай құрылды және командадағы рөліңіз қандай?

– Команданың алғашқы мүшелері мен және Жұлдызай Мұңайтасова. Қазіргі таңда Nauapiх командасында 5 адам бар. Бастапқыда әрқайсысымыз жеке жоба жасап, Астана қаласында өткен байқауға қатыстық. Жарыс барысында бір-бірімізге көмектесіп, бауыр бастық. Сол мезетте ойымызға бірігу идеясы келіп, команда ретінде жинақталдық. Командада мен HR менеджер және Software developer жұмысын жасаймын.

– 2022 жылғы өткен облыстық хакатон сіздер үшін алғашқы байқаулардың бірі болды. Қандай тәжірибе жинадыңыздар?

– Алғашқы жоба болғандықтан қобалжу болды. Алайда жаңа ортаға барып, жаңа адамдармен кездестік. Әртүрлі жобалармен танысып, осы салаға деген көзқарасымыз мольнан ашылды. Ең бастысы – команда ретінде өзімізді жаңа қырымыздан таныдық.

– Стартан жобаларды іске асыру барысында қандай қиындықтармен бетпе-бет келдіңіздер?

– Стартан – тауарды, жобаны іске асырып, нарыққа шығару. Сол себепті жан-жақты зерттеулер қажет болды. Ақпаратты жинақтау және нарықты зерттеу қажет. Бәсекелестерді тауып, олардан ерекшелігімізді көрсету маңызды. Бұл салаға енді қадам басқандықтан осы мәселелер бастапқыда қиындық туғызды.

– Ақпараттық технологиялар саласына қызығатын оқушыларға қандай кеңес бересіз?

– Ақпараттық технология – ұдайы дамуды қажет ететін сала. Әрине, ең алдымен ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау қажет. Сонымен қатар

ақпараттық технология бағыты болғандықтан, сайт және бағдарламалар жасап үйренген жөн. Кәсіби тілде айтқанда Software engineering

Қазір әлемде технология күн сайын жаңарып, дамуда.

Бұл өрлеу сатысында Қызылорда өңірі шетте қалмады. Республикалық стартаперлермен теңдесетін сырбойылық жастардың қарқыны мықты. Бұл – мақтанатындай жағдай.

Осы орайда Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының резиденті, Nauapiх командасының мүшесі Раушан Тұрғанбаймен әңгімелескен болатынбыз.

бойынша дағдыларды арттыру қажет.

– Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен өткен Startup Joly инкубациялық бағдарламасына қатыстыңыздар. Сыр өңірінде жас стартаперлер мен кәсіпкерлерді қолдаудағы Startup Joly секілді бағдарламалардың рөлін қалай бағалайсыз?

– Өңірдегі дамытушы орталықтардың бірі Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы өткізген 6 апталық Startup Joly бағдарламасына қатыстық. Бағдарлама аясында менторлармен бірге жұмыс жасап, жобалар мен стартаптарды, кәсіпкерлікті талдап, мол тәжірибе жинадық. Осы секілді жас стартаперлерді қолдайтын бағдарламалар біздің өңірге қажет деп ойлаймын. Тек бағдарлама емес кәсіпкерлік, IT саласын дамытуға күш салатын орталықтармен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы біз білім алып, жаңа дағдыларды игереміз.

Сонымен қатар сол саладағы мамандардан кері байланыс орнатып, өзіміздің осал жерімізді дамытуға керемет мүмкіндік ала аламыз.

– Сүлеймен Демирел атындағы университет, Astana IT University және Қазақстан-Британ техникалық университеттерінен иемденген білім гранттарының сіздер үшін маңыздылығы қандай?

– Хакатон, фестиваль және түрлі байқауларға қатысып, еліміздің мықты білім орда-

инновациялық медициналық құрылғыларды таныстырып, жоба қазылардың көңілдерінен шықты. Нәтижесінде көк туымыз биікке желбіреп, алтын медаль иеленді.

– Сіз 11 сынып, Жұлдызай 12 сынып оқушысы. Сабакпен қатар байқауларды бірге алып жүруде қиындықтар туындамай ма?

– Әрине, жобалармен айналысу ол ауқымды үдеріс. Бастапқыда білместіктен көп уақытты зая кетіріп, сабақты қоса алып жүру сәл қиындық туғызды. Алайда тәжірибе жинай келе, жұмысқа кедергі болмайтындей онтайлы іс-әрекет жасайтын болдық.

– Ең сәтті шыққан жобаларыңызға тоқталсаңыз...

– Ең сәтті жобалардың бірі – Lezde құрылғысы. Ол саусақ ізі арқылы, адамның медициналық кітапшасын лезде шығарады. Бұл құрылғы адам

ес-түссіз жағдайға тап болғанда өте тиімді. Себебі осы арқылы біз оның қандай дәріге аллергиясы барын немесе есепте тұратынын анықтап, алғашқы көмек бере аламыз. Келесі EcoDabyл жобасы ауа сапасы туралы халықтың хабардарлығын арттыруға арналған инновациялық жоба. Құрылғының басты мақсаты – ауа сапасын тікелей дәл осы уақытта бақылау арқылы денсаулыққа келетін зардаптың алдын алу.

– Nauapiх командасының осы жылға жоспары қандай?

– Әрине, жоспар мен мақсат көп. Тағы да жарыстар, хакатондар мен байқауларда бақ сынап, тәжірибе жинауға дайындық үстіндеміз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ТӨЖІБАЙ

СЫРБОЙЫЛЫҚ ЖАС СТАРТАПЕР



«ИНФОСЫҒАН» ИІРІМІ: ақпарат саудасында да сақтық қажет

«Инфосығандар» – түрлі курс, тренинг, гайд, check-list, вебинарлар және басқа да оқыту, үйрету қызметтерін сатумен айналысатындар. Олардың нағыз қоуч, жаттықтырушы, инфобизнесмендерден айырмашылығы бар. Инфосығандар ұсынған оқу материалдарының сапасы төмен болады, қаншаға сатып алсаң да кәдене жарата алмайсың.

Бұл терминді әлемде кенінен таратқан Эндрю Тейт. Ол – ғаламторда табыс табуға арналған көптеген аты шулы жемісті еңбектердің авторы. Оның табыс көзі тікелей курстарға қатысты. Яғни, курс сату – ол үшін ақша табудың басты көзі. Көптің қызығушылығын оята білген тақырып ер адам мен әйел арасындағы байланысқа қатысты еді. Осыған акцент қоя отырып, соның арқасында біршама жобалары атакқа ие болды.

Желіде қолдаушысы көбейгендер көпке үлгі. Оқырманға не керек екенін ұққан блогерлер жеке блогтан бөлек, онлайн курс сатып, тренинг-семинарлар өткізеді. Ал әлеуметтік желіде «Қиын емтихандардан өтуге көмектесемін» деген бейнематериалдар саны тіптен көп. Экранның арғы жағынан сізге мотивация беріп, жеке психологияңызға айналып кеткені де рас. Олардың көксеміні алғашында сізді тегін сабаққа қызықтырып, ақырында аудиокітап, жеке «өзінді дамытуға» арналған курс, тағы да басқа туындыларды сатып алуға үгіттеу.

Бай-қуатты, бақытқа толы өмір сүруге көмектесемін, менің жобам 100%-дық нәтижені береді деушілер «Өзіңе деген махаббат» тақырыбында аудиокітап шығарып, халыққа ұсынған дүниенің қатесін тексерместен керекті платформаға жүктеді. Мұнан кейін мақсатқа жетуге, контент жасауға да үйрете аламын деп сендіреді. Оған қоса отбасылы адамдардың да өміріне өзгеріс әкелемін дейтін оқымаған мамандар көбейіп кетті. Тығырықтан шыға алмай жүргендер шешімді әр жерден іздегенде, осындай ғаламтордағы білгіш-сымақтардың арбауына ілігіп қалып жатады.

Мәселен, босанған-

нан соң салмақ жинаған немесе осы күнге дейін арықтай алмаған әйелдер Instagram желісі арқылы 4000-5000 тенге тұратын курсты сатып алады. Жас қыздар «арманымдағыдай боламын» деп құны 15 мың теңгені құрайтын тренинг-семинарға қатысады. Ол біреулерге көмегін тигізсе, енді біреулер үшін кері әсерін тигізетіні рас.

Алаяқтарға кез болып, сан соғып қалып жатқандар туралы аз естімейміз. Қаншама отбасының күйреуіне де осы жағдайлар әсер етуде. «Өмірді өзін үшін сүресің» деген ұғымды бұрыс тұсынан қабылдап, қате пікірді қаперінен шығара алмағандар сүттей ұйып отырған отбасының шырқын бұзады. Көптеген курстар отбасылық өмірде эгоизмге басымдық беруге бағыттайды.


Жылтыр жарнаманың соңы өлімге де әкелуде. Бұл – Алматы қаласында болған қайғылы оқиға. Әйгерім есімді дәрігер – балаларға массаж жасауға үйрететін курс сатумен айналысқан. Өзін жоғары білімді педиатрмын деп таныстырған ол клиникасына курстар бөлек медициналық білімі жоқ тұлғаларды жұмысқа алған. Біліктілігін арттырғанын дәлелдейтін сертификаттар ғана, ал педиатрдың оқуын мүлде оқымаған болып шықты. Осылайша атыраулық отбасының 2,5 жасар ұлы «ақ халаттылардың» кесірінен ауыр жағдайда дүниеден өтті. Ескеретін тұсы мұндай жарнаманың құрбаны болған тек ол емес.

Мұндай іспен айналысушылардың арнайы білімі болмайды. Тиісінше, олар ойлап тапқан туындылардың да сапасы нашар. Алайда сөзге шешен, харизмаға толы тұлғалар болады. Сондай-ақ жұмысты сапалы етіп көрсету үшін психолог, эксперт сияқты мамандарды жалдайды.

Көптеген курстар дәлелденбеген немесе айтпаса да түсінікті, мағынасыз ақпараттарға толы. Айласын асыра білгендер аңғал жұрттың аузын ысып, соңында түкке жарамсыз сертификаты ұстатады да, мөрін басып, шығарып салады. Алайда бір жапырақ қағаз түбі шкаф сөрелерінде шаң басып, еленбей де қалатынын ешкім аңғармайды. Әрине, білімнің әртүрлі көзін іздегенде тұрған ештеңе жоқ. Тек түтпеп келгенде маркетингтің құрбаны болып, сан соғып қалатыныңызды ешкім болжай алмайды.

Қорлан САРЫ

Studio Ghibli:



Өң мен түстің есігі

Қол-аяғы бар қамал, ауада қалқыған әлем, жертездегі ергежейлі, қамкор құбыжық, әйтеуір, абсурдты танымның бәрі – жапон анимесі үшін қалыпты құбылыс. Жауыр тақырып, біздің баянда әдісінен әрі асқан күншығыс елінің анимациялық жаналығы өткен ғасырдың өзінде мәдени толқын әкелді. Әсіресе, неше буының шығармашылық ойлау қабілетін өзгерткен Studio Ghibli өнімінің орны ерек. Олай дейтінім, көрермені басым The Walt Disney Company фильмдеріндегі емес, Studio Ghibli коммерциялық мүмкіндігін туынды сапасына айырбастаған бірден-бір студия.

Алдымен анимені жапонның ой-қазынасы санатында сараламай тұрып, мультипликациялық фильм ағымы ретіндегі мән-маңызына тоқталайық. Әрине, көркемдік ерекшелік, жанр, идеялық мазмұн тұрақсыздығынан әлемдік анимациялық фильмді толық жіктеу мүмкін бола бермейді. Алайда анименің даму бағытынан Studio Ghibli-дің жүйелі жолын айқындауға мүмкіндік бар.

Жапонияда Studio Ghibli-ге дейін де анимациялық студия болды. Бірақ ғаламдық марапат еншілеген, сыншылардың танданысын тудырған туынды санаулы тұғын. Сондықтан атақты аниматор Хаяо Миядзакидің Ghibli-ді құрғандағы мақсатының бірі де анимациялық фильмде «төңкерілген пирамида» жасау еді. Ол ескі сурлеуді бұзып, толықметражды мультифильмнің өзге концепциясын қалыптастырды. Алдымен анимедегі түстер толқыны жаңарды, бейнелеу әдісі өзгерді. Көңіл-күйді көтеріп, оқиғаны жеңіл қабылдауға мүмкіндік беретін ашық түстерді пайдалану дәл осы Хаяо Миядзакі тұсында белең алғаны белгілі. Осы арқылы қоршаған ортаны, қоғамды мейіріммен тануға жол ашқан аниме элементі кең тарап, сурет кескіні мен бояу ерекшелігі жемені орындаған еді. Шебер аниматордың қиялынан туған «Елестер жетегі», «Жүрек сыбыры», «Ергежейлі еліндегі Ариэтти», «Қызыл тасбақа», «Мысықтың оралуы» секілді мультифильмдер сөзіміздің дәлелі.

Бұдан бөлек Хаяо Миядзакидің аниме арқылы жасаған екі ерлігін айтып өткен жөн. Алғашқысы – көзсіз тәуекелдік, сапаға адалдық. Қазіргі нарықтай емес, өткен ғасырдағы экономикалық ахуал танып болмас жағдайда өтті. Осындай беймәлім сәтте анимациялық студия ашуға қыруар қаржы шығындап,

мақсатқа табандылықпен жеткен Хаяо бүгін мультипликацияның келешегін құтқарды. Даусыз, жапон данышпаны болмаса, өзге өңірден басқа аниматор шығып, жаңа толқын әкелері анық. Алайда Хаяо жасаған сапа деңгейі мен бейнелеу әдісін әлем көрмес еді.

Екінші ерліктің мәні – таным-түсінік, қиял кендігі. Талай адамның арманы бала шағынан аса алмай, қиял күйінде қалып жатады. Тіпті, сенген адами құндылық, қоғамдағы қарым-қатынас моделі тек кітап бетінде, ертегі әлемінде деген көңіл ауаны қаншама тұлғаның қанат жаюына кедергі болды десенші. Хаяо болса, сол бала арманының сұлбасын сақтауға, адамзатты бала көзімен қарауға шақырды. Қос әлемнің де шындық екенін дәлелдеп, «Қиялымыз – болашақ ақиқат» деген идеяны ұсынды. Автор әрбір анимені қарама-қайшы әлемдер арасында бейнелеу арқылы ортақ уақытты қалыптастырғандай әсер қалдыратын. Содан қалып, аз уақыттың ішінде Хаяо Миядзакидің фэнтези жанрындағы еңбегі елеусіз қалған емес. Оның үстіне әрбір сюжет ұстыны арқылы жапон мәдениетінің ажырамас бөлшегі мейірімділік екеніне сендіргені бар.

Осылайша Studio Ghibli-дің туындылары шартарапқа жапонның шеберлігін танымал етті. Сонымен қатар анимедегі қиял-ғажайып оқиғадан бөлек, өмірлік сұрақтарға жауап іздеуді де мұрат тұтады. Мысалы, «Мысанның жеткізу қызметі» атты мультфильмде достықтың құндылығын көрсетсе, «Елестер жетегінде» атты туындыда әр әрекеттің өтемі бары айтылады. Тіпті сатқындық, қазна, махаббат ұғымын ерекше талдауға ұмтылыс кезіккен.

P.S. Шығыс – тылсым тұңғыз. Бір қарағанда, жапондардың жасаған анимациялық шешімдері батыстық ойлау жүйесі тұрғысынан көкіген қиял көрінуі ықтимал. Алайда Studio Ghibli-дің кейіпкерлері мен сюжеттері қиял ғана емес, ғылыми негіздемесі бар тұтас өнер. Себебі өзіндік ерекшелікке құрылған жапон анимесінде фантастикалық әрекет, драмалық оқиға, технологиялық жаналық қатар өрбиді. Мұндай әдіс көрерменді көркем шығарма мен ғылыми еңбекті қатар оқығандай әсер берері сөзсіз. Сондықтан Studio Ghibli-дің анимесі өң мен түстің қақпасы деп айтуға негіз бар.

Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

– Барлық ақын баласы бір ананың». Айтыңызшы, айтыс ақындарының ауыз-біршілігі қандай? Сахнадағы сөз тартысы сыртта жанжалға жалғасқан кез болды ма?

– Иә бұл жайында көрермендер де «кейде бір-біріне ауыр айтасындар, шыққаннан кейін жанжал шығып, төбелес туындамай ма?» деп сұрайды. Ақын мықты болса сахнада жауап беру керек, ал жау кеткеннен кейін қылышыңды тасқа шап дегендей, айтыс біткеннен кейін бармақ тістеп, өзге ақынға өкпе артудың қисыны жоқ. Айтыстан соң бір-біріне өкпелеп, тіс батырып «келесі айтысқа келгенде көрсетем, ақымды қайтарам» деу ақынның ішкі «мені», яғни эгосы. Мен бұдан жеңілдім, ендігіде тағы жеңілем деген ой болса айтысқа шықпай-ақ қойғаны дұрыс. Ал бүгін есемді жібердім, ертең қарымтамды қайтарам десе ақынның алға ұмтылуына күш береді. «Ақындар сахнада пышақтасып, былай шығып жүреді құшақтасып» деген Шорабек Айдаровтың сөзі бар. Меніңше, сахнада айтылған сөз сол жерде қалу керек.

Барлық ақынның бірлігіне жауап бере алмаймын. Бірақ Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы бар. Мүшелері бір-бірімен хабарласып, алдағы айтыстардың жоспары, басқа да мәселе талқыланып, ақыл-кеңес айтылады. Одақ ортақ мүддеге келгенде ыдыраған емес.

– **Қарсыластың кемшілігіне құлді негізгі тактика секілді. Қалай ойлайсыз, жеке бастан өтіп, тұрмыс-тірліктен әрі аса алмау тақырыптан ауытқуға себеп емес пе?**

– Бір ақынның бойдақтығын жиырма жыл бойы айтып, дене пішімі туралы сөз қозғап, болмаса жұмыссыз жүргенін бетіне басады. Әрине бұл ақынның жеткізу шеберлігіне байланысты. Ал оны көзге бадырайтып айтқанда өлеңнің қара сөзден айырмасы қалмайды. Әзілкештің жеңіл-желпі әңгімесіндей студия қажеті жоқ. Ақын барынша ой көркемдігі мен өлең құдіретін көрсеткені дұрыс. Оның үстіне айтыста немесе былай да болсын адамның көңіліне тигетін дүние болады. Тараздық әпкеміз Алтынқұл Қасымбековаға қарсыластары тұрмыс құрмағаны туралы жиі айтатын. Сонда ол: Менің де керек десең қызы атым бар,

Егер де қолдан келсе ұзатындар.

Меккенің қағбасындай көңілімді

Мектептің партасындай сызасындар, – деген. Сондықтан жанды жараламау, көңілді қараламау назарда болуы тиіс.

Қазір әлеуметтік желінің дамыған кезеңі. Ақын ізденісіне қарай актуалды тақырып та таба алады. Кей келген өмірдегі ақпаратты, кемшілікті сайтта айқайлап, жарыса жариялайды. Яғни қарсыластың кемшілігін айтқанша үлкен масштабтағы мәселені қаузаған дұрыс. Микроскоппен қарайтын нәрсеге телескоппен үлкейтіп, теңгедейден теңіздей дүние жасаудың қажеті шамалы. Одан ақын абыройының артуы да неғайбыл.

– **Бөлінген бюджеттің талан-таражға түсуі, қазылар алқасына көңіл толмаушылық, нағыз жыр дүлдүлінің жеңістен құр алақан қалуы сынды жайттар аз емес. Бұл айтыстың айшықты келбетіне сын секілді. Бұған не дейсіз?**

– Барлығын тендерге байлап қойған.

ҚАЛАМАҚЫ

ТӨЛЕСЕ АЙТЫСҚА КЕЛЕТІН

«ЗИЯЛЫЛАР» БАР

Осылайша айтыстың не екенін, оның өту барысын білмейтін адамдар ұйымдастыруға кіріседі. Сондықтан қаржының қалтада кетпесіне кепіл жоқ. Әділетсіздік әр қоғамда болады. Айтыс та соның көрінісі. Қиянат жасайтын қазылар да жетерлік. Содан меселі қайтып, көзінің оты өшкен жүйріктер бар. Сол себепті айтатын тұста айту керек. Бұрын «жарайды, бір-екі рет алдымды кесті ғой» дейтін болсақ, ал қазір жастар мұндай қиянатты көрмесе екен, бізден кейінгі інілердің меселі қайтпасын деген оймен ескертуге тырысамын. Жақсы айтысып, бірақ төмен ұпай жинаған ақын болса жылы сөз айтамын. «Еңсенді түсірме, бағындырар белесің алда» деудің өзі жүйрікке қамшы болады. Шын дүлдүл бәрібір тарихта, ел аузында қалатыны ақиқат. Мәселен, Ораздың мінген отыз көлігі немесе алпыс бас бәйгесі жоқ. Бірақ елдің ақыны болып, есімі қалды. Бекұзақ Тәңірбергенов те солай. Жыр сүлей атанып, халықтың ықыласы мен құрмет-қошеметіне бөленді. Демек айтыста алған бәйге емес, айтқан сөз қалады.

– **Айтыс – интеллектуалдық өре байқалатын, ойға қармақ, санаға салмақ салынатын аламан. Десек те келісіп айтысу белен алды. Жалпы экспромттық үлгі қаншалықты сақталып жүр? Алдын ала дайындықпен өнер көрсеткен сәтіңіз болды ма?**

– Қазір бұл індеттің беті қайтып, ақындар айтыстың бұрынғы дәстүріне бағынып жүр. Жеребе бойынша да ұйымдастырылуда. Яғни қарсыластың кім екенін сахнада біледі. Міне осыны шын жүйрікке таптырмас мүмкіндік дер едім. Айтыстың түрлі жанры бар. Біз тек суре айтысқа түсіп алып, ол ұзын сонар кезекпен аяқталады. Ал қайым, қыз бен жігіт, өтірік өлең айтысуы уақыт талабына сай көрерменді қанағаттандыра алмай, басылып қалды. Көрермен де бастан-аяқ өтірік өлең айтысына билет алып келмейді. Мұны жаңғыртудың жалғыз тәсілі – командалық айтыс. Жерлестерге жағымды жаңалық, бұл дәстүр қайта жалғасын таппақ. Яғни Қызылорда және Оңтүстік Қазақстанда дәстүр жаңғырады. Ол күннің де ауылы алыс емес. Бізге қажеттісі де жанрларды дамыту.

Ақынның алдын ала дайындығы болмаса айтысқа шықпай-ақ қою керек. Жалпы қатысуға шабыт пен ынтаң бар ма? Осыны анықтаған жөн. Мұны ішкі дайындық дейді. Одан кейін тақырыпты зерттеп-

зерделеп барған жөн. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің мерейтойы болса, «Абай жолын» жазған адам ғой, оны мектепте оқығанмын деп барғанды жауапкершілікті және артылған жүктің аманатын сезбеген ақын деп білемін. Айтысқа ақын деп шақырған соң үлкен дайындық қажет. Мерейтойы болған тұлғаны сан қырынан зерттеп, көзін көрген адамның естелігін тындап, шығармашылығымен толық танысып, айтыс өтетін өмірдің де жай-жапсарын білу маңызды. Кез келген ақын ұйғас тауып, жарты сағат жырлап беруге шамасы жетеді. Бірақ өлеңнің көркемдігі, ойдың ұшқырлығы мен ақынның ізденісі біте қайнасуы қажет.

– **Өткен дәуірдегідей жиылған жұрттың қошеметімен кеш батып, таң атқанша айтысу жоқ. Қазір уақыттың шектеулі болуы тұлпарға тұсау салғанмен тең тәрізді. «Өттеген-ай, мына ойымды айта алмай қалдым» деп қапы қалған тұсыңыз болды ма?**

– Әр айтыстан кейін «өттеген-ай» болады. «Алтын домбыра» финалында да сондай сәт болған. Қазір осылай айтамын деп отырып, қарсыластан кезегінді алғанда ұмыт қалады. Бір мезетте бірнеше ой келіп, соның біреуін айтып үлгересін. Айтыс біткеннен кейін «мына жауабымды бермеппін ғой» деген ой туындайтыны рас. Өз айтысымды тыңдағым келмейтіні сол. «Қап, былай жауап беріп, идеяны былай жеткізуім керек еді» деп саралаймын. Кейде өз тапқырлығыңа риза болатын кез де аз емес. Бірақ мұның соны мақтану мен массаттануға жалғаспағаны жөн. Бұл ақынның құлдырауына әсер етеді. Сондықтан әр кемшіліктен сабақ алу ақынның келесі айтыста бағы мен бабы қатар шабуына жол ашады.

– **Айтысты асыға күтетін адам көп. Жастар жағында да қызығушылық жоқ емес. Ал зиялы қауым өкілдері айтысқа қаншалықты жиі келеді?**

– Алдымен зиялы қауымды анықтап

алайық. Тек қаламақысын төлесе айтысқа келіп, былай шығып жамандап, айтыс керек емес дейтін де «зиялыларды» көргенбіз. Ал шын жанашыр болып, өнердің өлмеуіне, келешек ұрпаққа жетуіне атсалысып, бағыт-бағдар беретін үлкен кісілер бар. Елена Әбдіхалықова апамыз «Айтысымның бірінде Нұрғиса Тілендиев орын таппай, залда тұрып тамашалаған» деген еді. Ал қазір шақырсаң да келтіре алмайтын адамдар жоқ емес.

– **Журналистік қызметіңізге ой-қуатыңыз кетеді делік. Мұның айтыстағы өнеріңіз бен қабілетіңізге салқыны тимей ме?**

– Айтыс пен журналистика бір-бірін толықтырады. 17-18 ғасырдағы БАҚ өкілдері қызметін айтыс ақындары атқарған. Айқайлаған сайт, аттандаған посттар болмаған кезде ақынның бір шумақ өлеңімен хабарды жер-жерге таратқан. Десек те уақыт тығыз болғандықтан кей айтысқа қатыса алмайтын рас. Бірақ журналистика мен айтыстың арасы алшақ емес. Бұл ақынның бабында жүруіне мүмкіндік береді. Журналистік ізденіс айтыс кезінде пайдасын тигізеді. Ал айтыс барысындағы дайындық тақырыптық қалам тербеуге негіз. Мұндай сәтте қуанамын. Меніңше, жұмыс қызып, қауырт болған сайын шабыт ашылады. Мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология факультетін бітірдім. Қазір «EL ARNA» телеарнасында эфирге шығатын «Кімнің есінде?» жобасының авторы әрі жүргізушісімін. Әр бағдарламаның сөз тазалығы мен дұрыс жазылуын, қателік кетпеуін назарға аламын. Бұл – мен үшін үлкен мектеп. Үйренгенімнен үйренетінім әлі көп. Сондықтан ізденісті тоқтатпаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН

Ұлыбританиялық Кристина Палмер қазақ тілін үйрену үшін Сыр еліне арнайы келді. Әлемнің 48 елін аралаған лингвист үш ай ішінде тілді тәп-тәуір меңгеріп алынды. Тілдесу барысында да бірінғай қазақша сөйлестік. Француз, итальян, испан, орыс тілекті Кристина қазақ халқынан өзі байқаған ерекшеліктер туралы айтып берді.

– Осыдан сегіз жыл бұрын «Болашақ» бағдарламасының қатысушыларына ағылшын тілін үйрету үшін Қазақстанға келдім. Оған дейін Ресейде төрт жыл жұмыс істеп, қазақтар туралы естіп, баруға қатты қызыққан едім. Ал қазір бұл жақта достарым өте көп. Табиғаты да, халқы да қатты ұнады. Қызылордаға келіп тіл үйренуіме қызылордалық Бекзат Ырзамен достығымыз себепкер болды. Мұнда келгенін Жанар Бимұратқызымен танысып, екі апта үйінде қонақ болдым. Жанар менімен қазақша сөйлесу арқылы тілді тез үйренуіме көмектесті.

Қазақтардан байқаған ең басты ерекшелігім – танымайтын адамға да төрін ұсынып, шын пейілімен қарсы алатын қонақжайлылығы. Ағылшындар үшін де қонақ қадірлі. Бірақ мұнда мүлде көрмеген адамға туысындай көмек қолын созады. Ал ең қызығы, саған таксиде

ҰЛЫБРИТАНИЯЛЫҚ КРИСТИНА ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАЗАҚША ҮЙРЕНДІ

немесе пойызда сөйлескен адам «Жасың нешеде?», «Тұрмысқа шыққансың ба?», «Еңбекақың қанша?» деген сұрақты еркін қояды. Қазір мұндайға үйреніп қалдым. Ұлыбританияда жеке ақпаратты тек жақын адамдар ғана сұрай алады немесе мүлде сөз қозғамайды, – деді Кристина Палмер.

Университетте орыс және испан тілін меңгерген лингвист жаңа тілді үйрену адамға күш-қуат сыйлайды, ал сол елге барып, тұрмыс-тіршілігімен танысу арқылы өзіне бейтаныс әлемнің есігін ашасын дейді.

– Оңтүстік Ұлыбританияның Салисбери (Salisbury) қаласында тұратын мен 18 жасымда Оңтүстік Америкадағы Перуге оқытушы болу үшін аттандым. Сол кезде әлем елдеріне басталған саяхат әлі күнге жалғасуда. Қазақстанның жері кең әрі өте әдемі. Жамбыл облысындағы Құлан ауданында балаларға

ағылшын тілінен сабақ бердім. Алматыдағы Көлсай, Ақтаудағы жерасты мешітіне, Қармақшыдағы Қорқыт ата мемориалына арнайы бардым. Бұл – менің өмірімдегі ең қымбат естеліктер. Шымкент пен Таразға да сапарладым. Қазақстанға қайта келсем Алтай тауларына барғым келеді, – деді ағылшындық аудармашы.

Бүгінде ағылшын тілін үйренгісі келетіндер өте көп. Кристинадан ағылшын тілін тез үйренудің жолын сұрадық. Оның айтуынша, осы тілді үйренгісі келетін жандармен сөйлесу, BookClub, SpeakingClub – қа қалмай қатысу әрі интернеттегі тегін бейнематериалдарды қарау тілді тез үйренудің ең жақсы жолы. Сондай-ақ түсінбесең де сол тілде музыка тыңдау, кино көру тілді тезірек қабылдауға әсер етеді.

Әлемнің ғажап жерлеріне барып, әр елдің жандүниесі, таным-түсінігін білуге ұмтылған қайсар әрі қарапайым Кристинаға таңғала әрі қызыға қарадық. Соңында «өмірде сіз үшін басты нәрсе не?» деген сұрақты да қоюды ұмытпадық. «Адамдармен араласу, жақындарыңды бағалау» дейді ол.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ҚОЛДА БАРДЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Көшпелі қазақ мәдениетінің тұрмыс-тіршілігі мен этикеті маңыз беруге тұрарлық. Себебі халық болмысын айқындайтын көрсеткіш – оның өткені, салт-санасы. Осы орайда ұлттың мінез-құлқы, әдеті, әрекетін талдау арқылы бүгін мен өткенді байланыстырып көрелік.

Киіз үй – көшпенділер өркениетінің мыңжылдық тарихындағы теңдессіз өнертабысы әрі ең ыңғайлы баспана. Қазіргі заманда да киіз үй жаппай тігілуден қалды, бірақ соған қарамастан Қазақстанда киіз үй тігетіндер әлі де болса баршылық.

Тұрмысымыздағы ата-бабалардан келе жатқан бұйымдар қазіргі кезде де қолданыста бар. Қазақ халқының тұрмысы мен бұрынғы кездегі тұрмысы ұқсамағанмен, бұрынғы заманнан келе жатқан бұйымдарымыздың көбісі қолданыстан шыққан. Ал кейбір санаулы бұйым әлі қолданыста, тіпті осы заманға сай дамып та келе жатыр. Мысалы,

құрақ көрпелер мен шымылдық, ас табақтары мен ағаш бұйымдарымыз жетілу үстінде.

Бүгінде құрақ көрпелерді кез келген үйден тапсаңыз, шымылдықты тек келін түсіру тойынан көруге болады. Бесік, қамшы көбіне ауылда сақталған. Ал сандық формасы заман талабына сай құбылууда. Осы орайда сандық пен құрақ көрпеге байланысты жүк жинау әдетін айта кеткен жөн. Қазаққа жүк жинауға байланысты «кыздың жиган жүгіндей» деген сөз бар. Бұл – ұстаным мен өмір салттың түйіскен тұсы.

Жалпы қазақ қоғамында дастарқанға байланысты ырым көп. Солардың қата-

рында «дастарқаннан аттауға болмайды», «дастарқанға ең бірінші нанды қой» деген ұстаным бар. Бұл ырымдар әлі де болса халық жадында ұмытылмай сақталған. Оған қоса бұрынғы қазақ жерге көрпеше төсеп, жер үстелге дастарқан жайған. Тек бір айырмашылық, қазіргі кезде төрт бұрышты үстелді пайдаланса, бұрын дөңгелек үстелді пайдаланған. Бұл – дүниетаным ерекшелігі.

Жалпы бұл тақырыптың ауқымы өте кең. Мұны қозғаудағы себебім, күнделікті тұрмыста пайдаланып келе жатқан әдеттердің көне заманнан қалғанын білдіру әрі тарихи жадымызды жаңғыртуға үлес қосу еді.

Дүйсен НУРБАҚЫТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ТУҒАН ЖЕР, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!



Тамыры терең жайылған, тарихы кенен кешегі,
Сырланған сиқыр сырлары,
дариясымен еседі.
Қасиет қонған көліне, есімі ерен
Сыр елі,
Маңдайдан сипар самалы, дархан
даламен көшеді.

Барына жырдың толғана, бағына
бағы жармасқан,
Ғасырлар жатыр жолында Бетпақ
даланы шаң басқан.

Мәдина шыққан әнімен, бұлбұлы болып елінің,
Ғани да шықты Сырымнан, ұлылар-дағы алдаспан.

Салғанда сәнді сазды өнге, салқындай қоймас сана мың,
Ауасы дара ауылдың, Қызылордадай қаланың.
Ырысың қайнар бақ болып, күрішің тағы жайнаған,
Күніне күйіп күй болған, жасара түскен жанарым.

Бабалар үні боздаған, дастаны болып арнала,
Бағаңа жетпен, боз далам, күдіреті бар Аруана.
Қазынам етсем ұласып, ұлылығыңды ұғатын,
Өріге кетсем қыр асып, сағынам сені сары дала.

Айналған әсем әніме, аңыз да болған құнар күш,
Көгіңде қаққан қанатын, бағына біткен қыран құс.
Абыз бабаның Тұраны, аңыз даланың жыр әні,
Құшағын ашқан бәріне, туған жер, саған мың алғыс!

Гүлім ҚУАНЫШБАЙ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің студенті

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Сақтаған сан ғасырдың
салмақты дара үнін,
Жайқалған көк майсасы,
қырдағы дала гүлін.
Тербеткен бесігімен әлемді
әлдилетіп,
Анамның адал сүтін, айтатын
даналығын.



Манғаз тау мұнарларым паң
кербез сайын далам,
Күні мен түні бөлек, сырларын
сарынға алам.

Өсиет-өркен сөзі желменен жерге жеткен,
Атамның ақылынан айналдым сағым далам.

Тұғыры биік тарихы терең алыстан,
Бабаларым да сен үшін жаумен алысқан.
Жарқын болашақ – жаңарған сенің бәз қалпың,
Күә боп жеткен мына бір ұзақ ағыстан.

Жанарды далам, гүлденді қалам, сәулетім,
Берекең толы, ырысың қайнап, дәулетің,
Жаңа Қазақстан – жаңа қалалар бой көтер,
Тамсансын әлем, жанарын алмай алыстан.

Аңсаған бабам жаңарған далам келді шын,
Өнетіндей боп көрінер маған енді ісім.
Теңдік пен кеңдік қатар орнаған елімде,
Жаңа Қазақстан, жарқын болашақ сенбісің!

Аружан КАМАЛ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің студенті

ҰЛТ ҰСТАЗЫ



Ел деген жаны, азамат бары,
шырақшы болды балаға.
Қараңғы көзге, жайылған сөзге,
ой құйды және санаға.
Сауатты болу, кемелге толу,
жасаған бізге енегі.
Күн нұры болды, мұздақ
тайдырған, кең қараңғы далаға.

Оқусыз болсаң, тоқусыз болсаң,
барынды алар басқасы,
«Тойымсыз қарын» саясат барын,
түсінді қазақ қасқасы.

Жерің барында, елің барында есіңді лезде жи деді,
Бұлыңғыр кезде, өрлілді лезде, осылай білім таспасы.

Ахметтің бары, қазақтың бағы, шамшырақ болған
ақылға,
Алпауыт елге сыйлық болуды, салдырмай мүлдем
мақұлға.
Елдің де камын, жердің де камын ер мойнына жүк етті,
Ертеңін ойлап, қазақ баланың уайымсыз жатқан
жатырда.

Неңің де шыңы білім екенін, үйретті қазақ балаға,
Өшерін білді, жүк артқан заман киіз тиенен танаға.
Ұстаз болудың алғы шарттары басталар осы бастаудан,
Орнатты бізге тағылым жолын сыр құя білген санаға.

Дарынның жолы, ғалымның жолы, насихатталар
күнімде,
Ойлы озары белгілі еді, ғасыр жылдары түбінде.
Ұлттың ұстазы, қазақтың күні, қазақтың жыры, аспаны,
Саналы ұрпақ сандақтары жырлайды сені бүгінде.

Аружан САҚТАҒАНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің студенті

Қазіргі статистикалық мәліметтерге сай, зорлық-зомбылық әр бесінші үйде бар. Жыл сайын тұрмыстағы түрлі әлімжеттіліктен, зорлық-зомбылықтан, атап айтсақ, әйелдерге қарсы 2,5 мыңнан аса қылмыс тіркеледі. Оның ішінде өліммен аяқталып жатқан оқиғалар өте көп. Отбасындағы ата-ананың балаға немесе керісінше баланың ата-анаға, ерлі-зайыптылардың бір-біріне күш көрсетуі секілді оқиғаның барлығы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жатады.

ТҰРМЫС ТҰСАУ БОЛМАУЫ ШАРТ

Көптеген қайғылы оқиғалармен аяқталып жатқан жағдайлар негізінде отбасындағы кішігірім ұрыс-жанжалдан басталып, соны зорлық-зомбылыққа ұласады. Сондай әрекеттерден әйелдер мен балалар жапа шегуде. Қылмыстық статистика бойынша, соңғы 4 жылда тұрмыстық әлімжеттіктен зәбір көрген әйелдердің көрсеткіші 25 пайызды құраған. Құқық қорғау органдары соңғы он жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық істің күрт артқанын мәлімдеді. Әсіресе, төтенше жағдай кезінде отбасылық жанжал көрсеткіші 41,7 пайызға көбейген.

Отбасы ішінде зорлық-зомбылықтың әйелдерден бөлек, балаларға да әлімжеттік көрсету, ұрып-соғу факторлары тыйылмай тұр. Бұл туралы Қазақстан мен ЮНИСЕФ арасындағы біріккен зерттеулерге сәйкес, ересектердің 75 пайызы балаларды тәрбиелеу мақсатында таяқтайтыны көрсетілген. Қазақстанда әр үшінші әйел психологиялық қысымға ұшырайды, әр алтыншы әйел соққыға жығылады, әр жетінші отбасында әйел экономикалық зорлыққа тап болады. Сонымен елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жылына 80 әйел көз жұмады.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық тек қазақ қоғамына тән індет пе? Жалпы бұл жағдайға қалыпты құбылыс ретінде қарап, ұлттық менталитетпен ақтауға негіз бар ма? Бұл сорақылықтардан құтылу үшін қоғам қандай әрекеттер жасап жатыр? Міне, осы сұрақтар көкейде сарнап тұр.

Қазақ өзі аз халық. Мұндай оқиғалар қоғамға теріс әсерін тигізуде. Болашағын үміт күткен қанша жасқа осы мәндес оқиғаның көленкесі түсті. Психологиялық-моральдық тұрғыдан орасан шығынға ұшыратып, тұтас буынның көзқарасын өзгерткені өтірік емес. Сондықтан да тұрмыстық зорлық-зомбылықтан аулақ болу маңызды.

Інжу АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
студенті

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда да өзекті. Біздің қазақ сәби дүниеге келгеннен бастап, оның өсіп, дене бітімі дұрыс қалыптасып, ақыл-ойының жетілуіне дейін көп көңіл бөленген. Дана халқымыз тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді тербелген тал бесікке салған. Одан анасы бөбегін әлдімен сусындатып, әжесінің ертегісін тыңдатып, әкенің қамқорлығына берілген бала

ТӘРБИЕ ТАНЫМНАН ТУАДЫ

болашақта нағыз халқына қалаулы болады деп сенген. Бұл – халқымыздың сан ғасырдан бері баланы бағып-қағып, өнегелі азамат етіп шығару жөнінде жинақтаған мол тәжірибесі.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Өйткені ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Міне, сондықтан да ата-ананың мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстауы ұлдың да, қыздың да көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін негізгі нысанасы. Бұдан бөлек, ата-аналары балаларын кішкентай кезінен сөйлеуге, санауға,

заттарды және олардың өзіндік ерекшеліктерін атауға үйретіп, баланың тілі шыққан уақытта оған тақпақ, өлең, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды жаттатқан.

Осыған қарап ертедегі қазақ баласының



балалық шағы қаншама қиын кезеңдерге тап келсе де, өнерден, білімнен, жалпы адами қасиеттерден алыстамағанын байқаймыз. Ұрпақ тәрбиесі – ең маңызды фактор. Сондықтан қазақ өз баласын кішіпейіл, білімді, еңбекқор, болашақта үлгілі отбасы иесі болғанын қалап тәрбиелеген. Өйткені ұлттың келешегі – тәрбиелі ұрпақтың қолында. Ал жақсы берілген тәрбие ұрпақтар сабақтастығына ұласып, еліміздің берік іргетасына айналары сөзсіз.

Айнұр ӘЛШЕВА,
Жалағаш ауданы
Т.Жүргенов атындағы
№123 мектеп-лицейінің
психологі

САЛАМАТТЫ ӨМІР БАСТАУЫ

Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Бірақ осы нақыл сөздің салмағын, жауапкершілігін сезінбейтін де, мойындамайтын да сынайлымыз.

Спорттың ең қарапайым түрі – жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта, алаңда жарты сағаттай жүгіру қажет. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Сондай-ақ әртүрлі жаттығулар жасауға болады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Қазіргі жастардың болашағына мемлекет зор сеніммен қарап, үміт артады. Яғни, дені сау, білімді, білікті, жан-жақты қалыптасқан болашақ жастарды елестетеді. Расында да бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан



кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруі біздерді қуанытып отыр.

Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуы енгізген, азғанын шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен ауыстырып отыратын жас адамды

айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, спорт – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы.

Оны мен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы зор болмақ.

Бекзат НАКИШОВ,
№32 «Қызғалдақ»
санаториялық бөбекжай
бақшасының дене
шынықтыру нұсқаушысы



2019 жылы желтоқсанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Спорт және дене шынықтыру туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын. Заң бойынша спортшының допинг қабылдауына ықпал еткен адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу жоспарланған. Алайда заңнама күшіне енгенімен, спорттағы «қарак» әрекет тоқтамай тұр. Мысалы, соңғы үш жылда Қазақстанның 133 спортшысы допинг қолданды деген айыпқа ілінген.

ДОПИНГ ДАУЫ: «ҚАРАҚҚА» ҚАРСЫЛЫҚ

Бірақ «допинг дауынан» (2008 және 2012 жылғы олимпиада ойындары кезінде қолданған) кейінгі жетістіктері көңіл көшітпейді.

Атлет 23 желтоқсанда лицензиялық Катар кубогына қатысып, 96 келі салмақ дәрежесінде 5-орынға ғана тұрақтады. Ол тұғырдағы 6 мүмкіндігінің екеуін ғана еңсерген. Жалпы нәтижесі – 365 келі.

Алтын медаль алған қатарлық Ибрахим Әлбах 404, күміс алған ирандық Киануш Рустами 403, қола жүлдегер тағы бір ирандық Мири Әли 371 келіні көтерген. Қырғыз Бекдулат Расулбеков 370 келімен Ильиннен бір саты жоғары орналасқан. Жалпы бұл сайысқа 19 спортшы қатысыпты.

Ал бізгегі ахуал белгілі. Өткен жылы Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев 133 спортшының допинг дауына іліккенін хабарлаған болатын.

«Допинг дауына іліккендердің ішінде 45 спортшы – ауыр атлет. Соларға жеке тоқталғым келеді. 2020 жылы допинг дауына іліккен ауыр атлеттердің саны бесеу, 2022 жылы 10 болса, биылдың өзінде ғана 30 атлеттің допинг қолданғаны дәлелденді», – деген болатын.

Алайда министр кейбір спортшы «саналы түрде допинг ішпейтіні, тек интернеттен сапасыз тағам алатынын» айтып еді. Яғни, ішкен астағы кей химиялық элемент допинг саналуы ықтимал. Бұл ретте спортшының ақталуға мүмкіндігі бар деген сөз.

Мысалы, бірнеше ай бұрын допинг қабылдады деп негізсіз айыпталған Нора Джеруто ақталған болатын. Қазақстанның жеңіл атлетикадан алғашқы әлем чемпионы Нору Джеруто осы арқылы абыройын қорғаған еді.

Нора Джеруто – жеңіл атлетикадан 3000 метрге кедергі арқылы жүгіруден Қазақстанның алғашқы әлем чемпионы. Ол жеке нәтиже бойынша 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруден әлемдегі үздік үштіктің қатарында. 2018 жылы Қазақстан азаматтығын алып, 2022 жылы әлем

чемпионатында жеңіске жетті. Ал 2022 жылдың сәуірінде желаяққа допинг қолданды деген айып тағылған еді.

«Сіздерге тамаша жаңалықты бөліскіміз келеді. 2023 жылдың сәуірінде допинг қолданды деп айып тағылып, барлық жарыстардан шеттетілген клубымыздың спортшысы Тануи Нора Джерутодан барлық күдік алынды», – делінген Altay athletics клубының әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сонымен қатар өткен жылы боксшы Саматәлі Төлтаевтың допинг сынамаһынан спортшылардың қолдануына тыйым салынған дәрі табылды. Кейін боксшы 2023 жылдың 3 наурызынан 2026 жылдың 3 наурызына дейін спорттан шеттетілді. Ол да сынамаһы қайта тапсырып дәрі қабылдамағанын дәлелдеді. Тіпті 18 ақпанда Түркияда өтетін кәсіпқой бокс кешінде жекпе-жекке шығады. Ол үш жылға спорттан шеттетілгеніне қарамастан кәсіпқой боксқа қалай ауысқанын Төлтаевтың менеджері Жанпейіс Назарғали түсіндірді.

«Кәсіпқой боксқа өту үшін допинг табылған кезден бастап кем дегенде 6 ай уақыт өткен соң тағы да анализ тапсыруы тиіс болатын. С.Төлтаев қараша айында допингке анализ тапсырып, сынамаһы таза боп шықты. Содан бастап жаттығуға қайта кірістік. Бұйырса 18 ақпан күні Түркияның Ыстамбұл қаласында жергілікті боксшыға қарсы дебиюттік кездесу өткіземіз», – делі менеджер.

Менеджердің айтуынша, Саматәлі кәсіпқой боксқа өту үшін барлық ережені сақтаған.

«Бір жыл күтті, сынамаһы таза шықты. Енді еш кедергі болмауы тиіс. Бокс тарихында сынамаһынан допинг табылып, спорттан шеттетілген бірнеше танымал боксшылардың алты ай өткен соң кәсіпқой боксқа өнер көрсеткендігі туралы мысал жеткілікті. Мысал ретінде Миша Алоян, Бектемір Меликузиев секілді спортшыларды атап өтсем жеткілікті болар», – делі Жанпейіс Назарғали.

P.S. Алда Олимпиада белесі жақын. Осы орайда спортшылардың допинг дауына ілікпей, абырой биігінде өнер көрсетуі маңызды. Сондықтан заңды елемей, тыйым салынған дәріні ішкен спортшыларға жазаны күшейтіп, жауапкершілікті арттыру кезек күттірмейді. Себебі спортшы абыройы ел имиджіне тікелей әсер етпек.

Алдымен қай спорт өкілі допинг дауына көп ілігетіні анықтайық. Әдетте ауыр атлеттер, баландар және шаңғышыларды допингпен көп ұсталатын спортшылар ретінде біледі. Ал шын мәнінде біз елеусіз қалдыратын бірнеше спорт түрі бойынша тыйым салынған дәрілерді тұтыну жиі кездеседі. Олардың қатарында каноэде есу, бодибилдинг, дзюдо, таэквондо, жүзу, паратлетика, армрестлинг өкілдері жетерлік.

Спортшылардың допингпен жиі ұсталуы елдің спорттағы сыртқы имиджіне де нұқсан келтіреді. Келешекте Халықаралық олимпиада комитеті мұндай мемлекетті үлкен доллардан да ығыстыруы мүмкін. Бұған Ресейдегі жағдай дәлел.

Желтоқсанның басында Халықаралық олимпиада комитеті Ресейді 2020 жылғы Токио олимпиадасына қатыстырмайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ Ресей 2032 жылғы олимпиада ойындарын өткізуге үміткер де бола алмайды. Ал допинг дауына ілікпеген Ресей спортшылары нейтрал мәртебемен Токио олимпиадасына қатыса алады. Олар жеңіске жеткен жағдайда өз елінің туы көтеріліп, әнұраны ойнатылмайды. Тіпті Ресей Федерациясының олимпиадалық командасы 2018 жылғы Пхёнчхан олимпиадасынан да шеттетілген еді.

Допингпен ұсталып, бірақ кәсіби карьерасын қайта бастаған спортшылар да бар. Олардың біреуі спортқа оралып қана қоймай, жеңіске де жеткен. Ауыр атлетикадан екі дүркін олимпиада, төрт дүркін әлем чемпионы атанған Илья Ильин де 2018 жылы карьерасын қайта жандандырды.



ҚАУЫМДАСТЫҚТА ОҢ ҚАДАМ



Сайын даланың төсінде еркін ойыстап, жүйрік жаратқан, көкпар тартып, теңге ілген, бәйге түсіп, ат үстінде аударыспақтан күш сынасқан қазақ ұлдарының ойынын қайта жаңғыртуға не кедергі деп толғанасын.

Ұлттық спорттың дамуына не кедергі? Осы орайда мамандар пікірі сараланып, сын-пікір назарға алынса ғана іс оңа басатындай. Сондықтан саланың жай-күйін сарапшылар сөзімен тарқатып көрейік.

Біздің ұлттық спорттың басқару ортасы – Ұлттық спорт қауымдастығы. Бүгінде қауымдастық ұлттық ойындарды жаңаша бағытта дамытуға ден қойып отырғаны бірден байқалды. Мысалы, жыл ішінде Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына енген 9 федерацияның жетеуінің басшысы жаңадан сайланған әрі олардың барлығы дерлік түрлі салада істің әрі көзін таба білген кәсіпкерлер екен.

– Бүгін біз ұлттық спортқа қатысты мәселелерді ортаға салсақ, пікірлесек, кенесек деп ниеттендік. Себебі баршаңыз білесіздер, ұлттық спорттың артында ұлттың тарихы, дәстүрі, рухы тұр. Бізге дейін қауымдастықтың құрамында 6 федерация болған. Қазір 9-ға жетті: «Көкпар», «Бәйге», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Теңге ілу», «Күсбегілік», «Дәстүрлі садақ ату», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату». Ұлттық спорттың насихаттау, дамыту бағытындағы жұмыстар үзілген жоқ. Кешегі сайланған федерация президенттері – тәуелсіздік жылдарында белгілі бір жетістікке жеткен, өздерін ұлт жанашыры ретінде танытқан азаматтар.

Олар білімі, тәжірибесін және маңдай терімен тапқан қаражатын ұлттық спортты дамытуға жұмсап отыр. Қолдан келгенше федерацияны дамытуға үлес қосып келеді», – делі Ұлттық спорт қауымдастығының президенті И.Салжанов.

Бүгінде 9 федерация халықаралық долада ел намысын қорғайтын спортшыларды демеп келеді. Әсіресе өткен жылы федерация спортшылары 12 халықаралық жарыста 39 алтын, 27 күміс, 29 қола медаль жеңіп алғанын айрықша айтуға болады.

Жалпы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамындағы 9 федерацияда республика бойынша 7500-ге жуық жаттықтырушы бар. Олар елдегі 15639 ұлттық спорт секциясында жұмыс істейді. Нәтиже тәп-тәуір. Дегенмен ұлттық спорттың дамуына кесе-көлденең тұрған кедергілер де бар. Айтар болсақ, спорт жанашырларын ең бірінші кезекте инфрақұрылымның жайы алаңдатады. Иә, қазір қауымдастық құрамына кіретін 9 спорттың алтауы атпен тікелей байланысты болып тұр. Спорттың осы түрлерінен жарыстар жазда қоғалда өтсе, қыста өткізу үшін елде халықаралық стандарттарға сай жабықталған бірде-бір нысан жоқ.

Елде 40-қа жуық ипподром болғанымен, өкінішке қарай, олар да халықаралық жарыстар өткізуге жарамайды. Салдарынан қауымдастық жүзден жүйріктер бақ сынайтын ұшқыр бәйгеде да халықаралық жарыс өткізе алмай отыр. Сосын маман даярлауға, халықаралық жарыстар өткізуге мықтап ден қою қажет. Бұған тағы қаржы керек. Абырой болғанда Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының басшылығы елдегі ЖОО-мен берік байланыс орнатып, маман даярлау бойынша оқу бағдарламасын әзірлеуге кірісіп кеткен.

Қазір қауымдастық өкілдері көшпенділер ойынына дайындықты бастап кеткен. Есте болса, IV Дүниежүзілік көшпенділер ойыны былтыр Түркияда өткен еді. Енді биыл дуы басым долада бақ сынайтын жаһан спортшылары бізге келеді. Осы жарыстың абыройлы өтуін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та назарға алған. Көшпенділер ойыны бірінші рет ұйымдастырылғанда, жарысқа қатысуға 19 мемлекеттен 583 спортшы ниет білдірсе, былтыр Түркияда өткен ойында 102 елден 3 мыңнан аса спортшы бақ сынаған. Келер жылы, яғни елде өтетін жарысқа да 3 мыңнан астам спортшы және 15 мыңнан аса турист келеді деген жоспар да бар екен.

ӘБУ-ДАБИ ТУРНИРИНІН ЖЕҢІМПАЗЫ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 5-ракеткасы Елена Рыбакина Әбу-Даби (ОАӘ) WTA 500 турнирінің жеңімпазы атанды.



Қазақстандық теннисші финалда әлемнің 14-ракеткасы, ресейлік Дарья Касаткинамен бас жүлдені сарапқа салды. Теннис федерациясының мәліметінше, осыған дейін қарсыластар төрт мәрте кездескен. Есеп тең – 2:2.

Бұл жолы бірінші партияда Рыбакина бет қаратпады – 6:1. Елена екінші сетте де брейкпен алға кеткенімен, ресейлік теннисші сол бойда таразы басын теңестірді – 2:2. Есеп 4:4 болғанда Рыбакина тағы бір брейк жасады – 5:4. Содан кейін матчқа доп бергенде, қателеспеді – 6:4.

Бір сағат 10 минутқа созылған бәсеке барысында Елена 3 эйспен бірге 10 брейк-пойнттың алтауын өз есебіне жазды. Осылайша, биыл Елена Рыбакина WTA 500 жарысында екінші рет жеңімпаз атанды. Ол өткен айда Брисбенде (Аустралия) үздік шыққан еді.

СТРАНДЖА КУБОГІ АЯҚТАЛДЫ

Болгарияда өтіп жатқан халықаралық Странджа кубогінде қазақ боксшылары 1 алтын, 1 күміс, 1 қола жеңіп алды.



Үндістандық Раджатты 3:2 көрсеткішімен жеңген 67 келідегі Дулат Бекбауов алтыңа қол жеткізіп, Странджа кубогінің чемпионы болды.

Санжар Тәшкенбай 51 келі салмақтағы Үндістан боксшысы Амит Пангалдан (Әлем чемпионатының күміс жүлдегері) 0:5 көрсеткішімен ұтылып, күміс жүлдені місе тұтты. Тұрсынбай Құлахмет (80 келі) айтулы халықаралық турнирдің қола жүлдегері атанды.

Аталған бокс додасында 28 елден 178 спортшы жүлдеге таласты.

ТҮРКИЯДАҒЫ ТУРНИР

Футболдан жаңа маусым алдында ел футболы тарихындағы алғаш рет ұйымдастырылып жатқан «Winter Cup» турнирінде 100 миллион теңге сарапқа салынады.



Турнир 17-21 ақпан күндері Белек (Түркия) қаласында өтеді. Жарысқа «Ордабасы», «Тобыл», «Ақтөбе» және «Елімай» клубтары қатысады. Доп додасының жеңімпазы 60 млн теңгеге ие болса, екінші орын алған клуб 40 млн теңге сыйақы алады.

Жеребе нәтижесі бойынша «Winter Cup» турнирінің алғашқы ойынында Бірінші лиганың чемпионы «Елімай» мен Премьер-лига жеңімпазы «Ордабасы» кездеседі, екінші ойында Қазақстан кубогының чемпионы «Тобыл» мен ел чемпионатының қола жүлдегері «Ақтөбе» жолығады.

Қос жұптың жеңімпазы финалда бақ сынайды, жеңілгендері қола жүлдені сарапқа салады. Ойындар «Титаник Делюкс» стадионында өтеді. Бұған дейін бұл жасыл алаңда Бундеслига күндері аясында неміс клубтары жолыққан.

Жартылай финал ойындары 17 ақпан күні 15:00 және 20:00-де өтеді. III орын үшін кездесу 21 ақпан күні 15:00-ге, ал финалдық матч сол күні 20:00-ге жоспарланған. Ойын уақыттары Астана уақытымен көрсетілген. Доп додасын отандық «Qazsport» телеарнасы тікелей эфирде көрсетеді.

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ: ҚАНДАЙ КІТАП ҰСЫНУҒА БОЛАДЫ?

Кеше, яғни 14 ақпан – дүниежүзілік кітап сыйлау күні тойланды. Көптеген ата-аналар балаларына қандай кітап алу керек екенін жиі сұрады. Сондықтан Steppе&World баспасы сыйлыққа беруге болатын үздік кітаптар тізімін жасаған болатын.



БАЛАБАҚША ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТ

«Жып-жылы күшак» – Смирти Холлс пен Элиси Браун
Смирти Холлс пен Элиси Браунның осы кітабы балаларға қызық болары сөзсіз. Бұл – ана мен баланың қарым-қатынасын тереңдетуге көмектесетін кітап. Бұған қоса кітап жарқын суретке толы, сондықтан кішкентайлардың таным көзкіеңің кеңейту үшін де пайдасы зор.

«Бес аю» – Кэтрин Райнер
Бұл – достық туралы тамаша туынды. Баласымен бірге сапалы уақыт өткізгісі келетін ата-анаға осы кітапты оқуға кеңес береміз. Баласы бар құрдастарыңызға сыйлық іздесеңіз, осы кітап есіңізде болсын.

«Тамаша спорт» – Оле Конекке
«Тамаша спорт» – баланың білім көзкіеңің кеңейтетін кітап. Ішінде кішкентайдың зейінін арттыратын иллюстрациялар да, жүздеген спорт түрінің түсініктемесі де бар. Бұл – баланың спортқа бейімді байқау үшін, қызығушылығын арттыру үшін таптырмас шығарма.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТ

«Тұмар» комикстар сериясы
«Балам кітап оқымайды» дейтін ата-анаға комикс сатып алуды ұсынар едік. Мысалы, «Тұмар» комикстар сериясы шытырман оқиғаға толы. Оған қоса суреттері де тамаша. Мұндай артықшылықтары бар туынды қазіргі мектеп оқушысының көңілін аударатынына сенімдіміз. Сондықтан кітап сыйлау күніне комикс те керемет сыйлық болмақ.

«Оксфорд» сериясының кітаптары
Ал баланың білімін арттырғысы келетін ата-анаға «Оксфорд» сериясының кітаптарын ұсынамыз. Бұл шығармаларда жасанды интеллект, ғалам мен энергияның сыры туралы қазіргі замандағы өзекті әрі қызық тақырыптар баяндалады. Мысалы, «Роботтар, смарт гаджеттер мен жасанды интеллект», «Ғаламның сыры», «Энергияның сыры» және «Микроағзалардың көрінбейтін әлемі» деген кітаптар – мектеп оқушысы үшін керемет сыйлық.

«Нарния шежіресі» – Нарния деген ғажайып әлемге саяхаттаған төрт ағайынды туралы тамаша кітаптар сериясы. Әр оқушының «патша не патшайым» боламын деген арманын шындыққа айналдырған ертегі әлемі туралы жинақ. Бұл еңбек оқушы қиялына ерік беруге, ойлау деңгейін жаңа деңгейге жеткізуге көмектеседі. «Нарния шежіресінің» жеті томы бар.

ЖАСОСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТ

«Елес» – Жейсон Рейнолдс
Касл Крэншоу деген жасөспірім бала әке қамқорлығын көрмей өсіп жатыр. Мектептегі балалар да оны мазақтың астына ала береді. Оның өзіне қойып алған лақап аты да бар – Елес. Бір күні іші наразылыққа толы балақайдың алдында асыл мұрат пайда болады. Ал максатқа апарар жолда қашанда сынақ

пен кедергі көп. Елес сол сынақты еңсеріп, көксергеніңе жете алар ма екен, әлде жеңіле ме? Оқырман осы сұрақтың жауабын кітаптан таба алады.

«Перси Жэксон» – Рик Риордан
Перси Жэксон – 12 жасар бала, бірақ оны қарапайым деу қиын. Себебі сотқар боп көрінген баланың бір сыры бар. Перси – жартылай құдай. Оған өте үлкен жүк артылды. Грек құдайлары өзара соғысып, мына әлем үлкен апатқа ұшыраудың аз-ақ алдында тұр. Не Перси достарымен бірге бұл соғыстың алдын алады, не әлем соғыс өртіне оранады. Оқиға желісі осы шым-шытырық негізінде өрбиді.

«Ғажайып» – Раquel Паласио
Бұл – қазір кеңінен талқыланатын жүрген әйбіліз мен инклюзия сияқты ауыр сөздердің артында сезім мен құндылыққа толы адам барын еске салатын туынды. «Ғажайып» – 10 жастағы Оттидің оқиғасы. Ол басқа балалар сияқты қадімгі істермен айналысады: балмұздақ жейді, доп тебеді. Бірақ оның түрі өзгелерге ұқсамайды. Себебі 10 жасар Оттидің бетіне 27 рет ота жасалған. Соның кесірінен ол 5 сыныпқа дейін мектепке бара алмады. Бірақ Отти енді жаңа мектепке барады. Ал оны сыныптастары қалай қабылдайды? Дос таба ала ма? Кітап мейірімге суып жүрген оқырманға арналған.

ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТ

«Махаббаттың қырық қағидасы» – Элиф Шафак
Элла Рубинштейн – орта жастағы америкалық әйел. Бірсыдырғы, көңілсіз өтіп жатқан өміріне күтпеген жерден жаңалық енеді. Оған нидерландтық жазушының махаббат романын өңдеу жайлы ұсыныс түседі. Сол шығарманы оқып жүріп, өзі шытырман махаббат оқиғасына шырмалады. Элла осыдан соң таңдау жасауы тиіс екенін түсінеді: не қазіргі сұрқай өміріне көңілдеді, не махаббаттың таңдап, бақытына қол созады. Дұрыс таңдау жасауына қолындағы кітаптан оқыған махаббат қағидалары көмектесе алар ма екен? Ол қандай қағида? Тізімді оқырман осы кітаптан таба алады.

«Норвег Орманы» – Харуки Мураками
Торию – Токиода университетте оқып жүрген жас жігіт. Ол сүйкімді, ойшыл Наоко деген қызды жақсы көреді. Тек екеуінің арасында біраз жыл бұрын каза тапқан Кизукидің елесі тұр. Торию студенттер жатақханасындағы бұйығы тірлікке бейімделіп алған. Ал Наоко күйзеліске түсіп жүреді. Наоконның жүрегі дертке көміле түскен сайын, Торию еркін де ерке Мидориді ұнатып қалады. «Норвег орманы» сол жастардың сезімін сипаттай отырып, оқырманды да махаббат естеліктері әлеміне жетелейді.

«Ким» – Рудярд Киплинг
«Жунгли кітабы» деген классикалық туындының авторы – Рудярд Киплинг. Бұл шығарма Үндістанда туып-өскен, тегі ирландиялық Ким деген жеткіншектің өмірі жайлы. Алғыр, аздап бұзықтау Ким тибеттік гурумен бірге қасиетті өзенді іздеп жолға шығады. Оның бұл сапары шытырман оқиғаға толы. Оқырман кейіпкерлермен бірге қызық әрі кедергісі көп саяхаттың куәгері болады.

Дайындаған А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ



МОТИ: КҮРІШ ҚАМЫРЫНАН ЖАСАЛҒАН ДЕСЕРТ

Тіл үйіреп тәттінің тәбетті бұзатыны жөнінде жиі айтылады. Тіпті саулықтың сыр беруіне әсер ететінін білеміз. Десек те құрамы мен қоспасы бөлек, татымды тәтті түрі жоқ емес. Кофе ішуге аялдаған жандар жапондық десерттен бас тартпайды.

Мотидің пайда болуы ғасырлар еншісінде. Мұны тек десерт ретінде емес, жапон мәдениетінің символы деп бағалайды. «Күріш торты» деген атаумен көпке таныс. Әдетте мұны көк шаймен бірге ұсынады. Негізгі ингредиент те күріш болғандықтан тәттінің құрамы құнарлы әрі пайдалы. Дәруменге толы дәмдінің ағзаға оң әсері жайында ақпараттар да жетерлік. Мәселен, мотиді анемия, ішек проблемалары бар, иммунитеті әлсіз, тіпті диета ұстайтын жандар тұтынса да болады.

Шар іспеттес тәттінің ішін талғамға сай шоколад немесе сүзбе-кілегеймен толтырып, жеміс-жидекпен сәндеуге болады. Яғни салмағына қатысты заңдылық жоқ. Балалардың тәттіге жақын екені айтпаса да түсінікті. Осы орайда құрамын сәл өзгертіп, OREO немесе Nutella, Kinder шоколадын қосу балаға ұнайтыны сөзсіз. Сондай-ақ түсті тағамдық бояғыштар қолдану да трендте. Десерттің нәзік көрінуі де осыдан деседі. Неде болса сұраныстың жоғары екеніне талас жоқ. Жапон торттары Оңтүстік Кореяда, Қытайда,

Гавайиде, Камбоджада, Таиландта кең таралған. Бір қызығы, мұның басқа да нұсқалары Лос-Анджелес пен Америкада да жасалыпты.

Өңірімізде де кондитерлік өнімге сұраныс жоғары. Әсіресе жақының қуантуға асыққан жандар тәтті сыйлауды жөн көреді. Сонымен, тәтті қорабын тек шоколадты құлпнай емес моти де толтырып жүр. 12 дана моти бағасы – 10 мың теңгеден сәл асса, орташа құны 5400 теңгені құрайды. Бұл әр дүкенде әртүрлі. Бірақ тұтынушылар сапасына сын айтқан емес. Ерекше дәмі мен арнайы қаптамасы көңілден шығатыны анық.

Қысқасы, бақытты сәт пен әдемі шақты тәттіге балайтынмыз рас. Тіпті «өмірің тәтті» болсын дегенді тілекке қосып айтағындар бар. Тәттінің пайдалы тұсы көп. Тек тұтынудың шегін біліп, құрамына назар аударсаңыз болғаны.

Нәзік АХМЕТ

“ҰЯЛАМ, НО ҮЙ АЛАМ” Ойсыз үйленіп, мұңсыз ажырасу көп

Үй аламыз деп екіұдай сезімде жүргендер бар. Еңбекақы пәтерақы мен азық-түліктен артылмайды. Жылдар өтсе де, жинаған ақшасы үй алуға жетпейді. Бұл «Nazar audar production»-ның комедиясы «Ұялам, но үй алам»-дағы Сырым мен Айжанның басты мәселесі. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне күлесін де, көп ой түйесін. Өйткені мәселе тек баспанада ғана емес.

Айжан секілді кейіпкерлер арамдыда көп. Төрт баламен анда-мында көшіп, әр үйдің сынығын жөндеп, кілемін жуып, үй иесіне жалтақтап, коньстойға барған сайын «Біз қашан үй аламыз?» дегендер түсінеді мұны. Өйткені өз үйің – тыныштығың, қорғаның, сырттан шаршап келгенде қайта күш жинайтын қамалың. Балаларының қамын бірінші ойлайтын аналар үшін тіпті маңызды. Сондықтан кинода Айжан заңға қайшы әрекетке барады. Күйеуімен өтірік ажырасып, жалғызбасты ана ретінде үй алмақ. Бірақ мемлекеттік қызметкерді алдау, құжат дайындау оңай шаруа емес. «Ажырасам болды, үй алам» деп ойлаған Айжан баспана алу процесін зерттемейді де, мұның салдары өзіне, туыстарына, балаларына қалай әсер етерін мүлдем сараптамайды.

Бұл туралы продюсер, сценарист Перизат Мырзахмет «Алғашқы сахналарда мына фильмде бірде бір дені дұрыс әйел жоқ қой деп ашулана бастайсың. Сосын олардың жанында бірде бір дені дұрыс еркек жоқ екенін көрсең де, «апама жездем сай» дейсің. Авторларға сол үшін респект. Кино жігіттерді аямай сынаған екен. Залда олардың рахаттана күлгендеріне карағанда не өздерін, не достарын таныды деген сөз. Бұл – авторлардың шеберлігі. Фильм бойы бірде-бірі сөзінде тұрған жоқ, әрекет етіп, шешім қабылдаған жоқ. Соның салдарынан әйелдер шешім қабылдауға мәжбүр болды» деп жазды.

Айжан күйеуіне «Сен алты жылда ала алмаған үйді мен алты күнде алмақшымын» дегенде ақымақ келіншек екен дейсің. Бірақ жағдайға толық қарасаң отағасында ешқандай жауапкершілік жоғын байқайсың. Сырым әйелі әлгіндей идея айтқанда ашуланғанымен, келіседі. «Сенің шығармайтының жоқ, осындайды қайдан ойлап табасың?» дегенімен, ол да басқаларды алдауға дайын. Ата-ана, туыстары алдында абыройы не шын досы жоқ. Әйтеуір тұтынушыға қамқор, күшті такисет. Тым қанағатшыл. Қанағатпен бірге ер



адамға отбасын басқалар алдында төмендетпейтін айбын, алдағыны ойлайтын ақыл, жауапкершілік керек емес пе? Өтірік үй алғаны әшкере болса, балаларымды сыныптастары күлкі етеді деп неге алдын ала ойланбайды? Соңында бәріне әйелін кінәлайтын болса оның несі отағасы?

Қазір қоғамда өтірік қана емес, шынайы ажырасу саны артты. Мамандар жиі қайталайтын себеп бар. Ол екі жастың санамен емес, сезіммен үйленуі, отбасын құруға моральдік, психологиялық, материалдық тұрғыда дайын болмауы. Сондықтан ойсыз үйленіп, мұңсыз ажырасу көп.

Осы тақырыпты жазарда республикалық сайттарға «Қарағандыда 454 адам мемлекеттен тегін үй алу үшін кезекке заңсыз тұрған» деген ақпарат жарияланды. Бұл – тек бір облыстағы цифр. Ал еліміз бойынша мұндай адам қанша? Алаяқтыққа итермелеген жүйе де дұрыс емес дерсіз. Дегенмен мемлекет шеше алмайтын да шиеленістер болады. Үкімет елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайына жауап бергенімен, әр отбасының зәңнан, ардан аттамауы бөлек мәселе.

Айдана ЖҰМАДИНОВА